

Қарағанды медицина университеті КеАҚ

ӘОЖ 615.014.24(574)

Қолжазба құқығында

**РЕМЕТОВА НАЗИГУЛЬ СЕРИКОВНА**

**Қазақстан аумағында өсетін кәдімгі сарысою шикізатының (*Xanthium strumarium* L.) негізінде дәрілік зат технологиясын әзірлеу және оны стандарттау**

8D07201 - «Фармацевтикалық өндіріс технологиясы»

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:  
фармация ғылымының докторы,  
қауымдастырылған профессор  
Итжанова Х.И.  
Медицина ғылымының докторы,  
профессор Самородов А. В.

Қазақстан Республикасы  
Қарағанды, 2026

## МАЗМҰНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР</b> .....	4
<b>АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР</b> .....	6
<b>КІРІСПЕ</b> .....	7
<b>1 КӘДІМГІ САРЫСОЯУ (<i>XANTHIUM STRUMARIUM</i> L.) - БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ШИКІЗАТ КӨЗІ</b> .....	11
1.1 <i>Xanthium strumarium</i> L. дәрілік өсімдік материалы ретіндегі маңызы (өсімдіктің таралуы, химиялық құрамы және халық емінде қолданылуы).....	11
1.2 Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығындағы стоматологиялық препараттар (нарық талдауы, сату көлемі, дәрілік заттар).....	19
1.3 Трансдермальды препараттар жүйесін құру саласындағы зерттеулердің қазіргі жағдайы.....	24
<b>2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ</b> .....	28
2.1 Зерттеу материалдар.....	28
2.2 Зерттеу әдістері.....	29
<b>3 <i>XANTHIUM STRUMARIUM</i> L. ШИКІЗАТЫН ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ СТАНДАРТТАУ</b> .....	40
3.1 <i>Xanthium strumarium</i> L. шикізатының сапа көрсеткіштерін морфологиялық-анатомиялық және гистохимиялық зерттеу.....	40
3.2 <i>Xanthium strumarium</i> L. шикізатының фитохимиялық құрамын зерттеу.....	51
3.3 <i>Xanthium strumarium</i> L. дәрілік өсімдік шикізатының сапа спецификациясын және нормативтік құжаттардың жобасын әзірлеу.....	58
<b>4 <i>XANTHIUM STRUMARIUM</i> L. НЕГІЗІНДЕГІ ҚОЮ ЭКСТРАКТ АЛУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ</b> .....	71
4.1 Кәдімгі сарысояу өсімдігінен қою экстракт алу технологиясы.....	71
4.2 <i>Xanthium strumarium</i> L. негізінде алынған қою экстрактының биологиялық белсенді заттардың химиялық құрамын зерттеу.....	74
4.3 <i>Xanthium strumarium</i> L. субстанцияның тұрақтылық көрсеткіштерін белгілеу, сапа сипаттамасын, НҚ жобасын және оны өндіруге арналған зертханалық регламентті әзірлеу.....	80
<b>5 <i>XANTHIUM STRUMARIUM</i> L. ҚОЮ ЭКСТРАКТЫСЫ НЕГІЗІНДЕ ДАЙЫНДАЛҒАН СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ПЛЕНКАЛАРДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ СТАНДАРТТАУЫ</b> .....	91
5.1 Қою экстракты негізінде дайындалған фитопленкалардың құрамы мен технологиясын жасау.....	91
5.2 Стоматологиялық пленканың физикалық, технологиялық және биофармацевтикалық көрсеткіштерін анықтау.....	95

5.3	Стоматологиялық пленкадағы белсенді затты сандық анықтау әдісімен құрастыру.....	101
5.4	Тұрақтылық көрсеткіштерін, дәрілік форманың сақтау мерзімін анықтау және сапа спецификациясын әзірлеу.....	102
<b>6</b>	<b>ФАРМАКОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІК ЖӘНЕ УЫТТЫЛЫҚ ИНДЕКСІН ҚҰРУ ҮШІН ҚОЮ ЭКСТРАКТ ҮЛГІЛЕРІНІҢ СКРИНИНГІ</b>	<b>105</b>
6.1	<i>Xanthium strumarium</i> L. қою экстрактысындағы жедел уыттылық индексін әртүрлі тәсілдермен анықтау.....	105
6.2	<i>Xanthium strumarium</i> L. қою экстрактысының және оның негізіндегі стоматологиялық пленканың микробқа қарсы белсенділігін зерттеу	108
6.3	<i>Xanthium strumarium</i> L. қою экстрактысының антиоксидантты белсенділігін анықтау.....	111
6.4	<i>Xanthium strumarium</i> L. өсімдігінен алынған қою экстрактысының қабынуға қарсы белсенділігін анықтау.....	112
<b>7</b>	<b>ХАНТНИУМ СТРУМАРИУМ L. ҚОЮ ЭКСТРАКТ НЕГІЗІНДЕГІ СТОМАТОЛОГИЯЛЫҚ ПЛЕНКА ӨНДІРІСІНІҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕМЕСІ.....</b>	<b>114</b>
	<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>117</b>
	<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>120</b>
	<b>ҚОСЫМША А - Өсімдік шикізатының түрін анықтау.....</b>	<b>132</b>
	<b>ҚОСЫМША Б - Өсімдік шикізатының қорын анықтау.....</b>	<b>133</b>
	<b>ҚОСЫМША В - Пайдалы модельге патент.....</b>	<b>134</b>
	<b>ҚОСЫМША Г - Зертханалық регламент.....</b>	<b>135</b>
	<b>ҚОСЫМША Д - Нормативтік құжат.....</b>	<b>136</b>
	<b>ҚОСЫМША Е - Зертханалық регламент.....</b>	<b>137</b>
	<b>ҚОСЫМША Ж - Нормативтік құжат.....</b>	<b>138</b>
	<b>ҚОСЫМША И - Нормативтік құжат.....</b>	<b>139</b>
	<b>ҚОСЫМША К - Оқу процесіне енгізу актісі.....</b>	<b>140</b>
	<b>ҚОСЫМША-Л - Оқу процесіне енгізу актісі.....</b>	<b>141</b>
	<b>ҚОСЫМША М - Оқу процесіне енгізу актісі.....</b>	<b>142</b>
	<b>ҚОСЫМША Н - Сертификат.....</b>	<b>143</b>
	<b>ҚОСЫМША П - Scopus анықтамасы.....</b>	<b>144</b>
	<b>ҚОСЫМША Р - Биоэтика 19.06.2024 ж. № 9 хаттама, № 44.....</b>	<b>145</b>
	<b>ҚОСЫМША С - Уыттылығын зерттеу актісі.....</b>	<b>146</b>
	<b>ҚОСЫМША Т - Микробқа қарсы белсенділігін зерттеу актісі.....</b>	<b>147</b>
	<b>ҚОСЫМША У - Антиоксиданттық белсенділігін анықтау актісі.....</b>	<b>148</b>
	<b>ҚОСЫМША Ф - Қабынуға қарсы белсенділігін анықтау актісі.....</b>	<b>149</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы диссертацияда келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

«Дәрілік затты өндіруші дәрілік заттардың тұрақтылығын зерттеулерді, оларды сақтау және қайта бақылау мерзімін белгілеуді жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 28 қазандағы № ҚР ДСМ-165/2020 бұйрығы.

«Дәрілік заттарды таңбалау мен қадағалау және медициналық бұйымдарды таңбалау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 27 қаңтардағы № ҚР ДСМ-11 бұйрығы.

«Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау және тасымалдау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-19 бұйрығы.

«Дәрілік заттарды өндіруші әзірлеген және дәрілік заттарға сараптама кезінде дәрілік заттардың сапасы жөніндегі нормативтік құжатты мемлекеттік сараптама ұйымымен келісу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 16 ақпандағы № ҚР ДСМ-20 бұйрығы

«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын гигиеналық нормативтерді бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 2 тамыздағы № ҚР ДСМ-71 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029012> (жүгінген күні: 15.04.2023);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 31 қазандағы N 1034 Қаулысы «Өсімдіктер мен жануарлардың сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесін бекіту туралы» (өзг. мен қос. 16.09.2022 г.). URL: [https://adilet.zan.kz/rus/docs/P060001034\\_](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P060001034_) (жүгінген күні: 05.04.2023);

«Өсімдік ресурстарының қорларына ресурстық зерттеп-қарауды жүргізу және оларды пайдалану лимиттерін айқындау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2023 жылғы 30 наурыздағы № 103 бұйрығы. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032193> (жүгінген күні: 05.04.2023);

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы № 15 «Өсімдік тектес шикізатты өсірудің, жинаудың, өңдеудің және сақтаудың тиісті тәжірибесі қағидаларын бекіту туралы» шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2021 жылғы 07 желтоқсандағы №169 «Өсімдік фармацевтикалық субстанцияларының (дәрілік шикізат негізіндегі препараттардың) және дәрілік өсімдік препараттарының тұрақтылығын зерттеуге қойылатын талаптарды бекіту туралы» шешімі.

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 11 тамыздағы № 100 «Еуразиялық экономикалық одақтың фармакопеясы» шешімі.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы 1 т. - Алматы: «Жібек жолы» Баспа үйі, 2008. - 592 б.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 2. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2009. – 804 б.;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3. – Алматы: «Жібек жолы» баспасы, 2014. – 872 б.;

ЖФМ.1.5.3.0003.15 «Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын микроскопиялық және микрохимиялық зерттеу техникасы».

ЖФМ.1.2.4.0010.15 «Антибиотиктердің микробқа қарсы белсенділігін агардағы диффузия әдісімен анықтау»;

ЖФМ.1.5.3.0008.15 «Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарындағы дубильді заттардың мөлшерін анықтау»;

ЖФМ.1.1.0013.15 «Химиялық эксперимент нәтижелерінің статистикалық өңделуі»;

## АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕУЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

ATCC	Американдық типтік культуралар жинағы
ATC	Анатомиялық-терапиялық-химиялық классификация жүйесі
A01	Стоматологиялық препараттар
A01A	Ауыз қуысына арналған дәрілік заттар
GACP	Дәрілік өсімдіктерді тиісті іс-тәжірибемен өсіру және жинау
GMP	Good manufacturing practice (тиісті өндірістік тәжірибе)
АЛТ	Аланинаминотрансфераза
АСТ	Аспартатаминотрансфераза
ББЗ	Биологиялық белсенді заттар
ГХ-МС	Газды хромато-Масс-спектрометрия
ДМСО	Диметилсульфоксиді
ДӨШ	Дәрілік өсімдік шикізаты
ДЗ	Дәрілік зат
ДСМ	Денсаулық сақтау министрлігі
ЕАЭО Ф	Евразиялық экономикалық одақ фармакопеясы
ЖТСХ	Жоғары тиімді сұйық хроматография
ЖФМ	Жалпы фармакопеялық мақала
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
КеАҚ	Коммерциялық емес Акционерлік қоғам
КМЦ	Карбоксиметилцеллюлоза
КТБ/мл	Колония түзуші бірліктер/миллилитр
ҚарҰЗУ	Қарағанды ұлттық зерттеу университеті
ҚМУ	Қарағанды медицина университеті
ҚР	Қазақстан Республикасы
ҚР МФ	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы
МемСТ	Мемлекеттік стандарт
МЦ	Метилцеллюлоза
ММББС	Мемлекеттік Бірыңғай Бас стандарт
Мкг	Микрограмм
НҚ	Нормативтік құжат
УДЗ	Ультрадыбыстық зерттеу
УК	Ультракүлгін
ИҚ	Инфрақызыл
ВЭРС XSL	<i>Xanthium strumarium</i> L. өсімдік шикізатының сулы экстрактысы
СЭРС XSL- 70%	<i>Xanthium strumarium</i> L. өсімдік шикізатының 70% спирттік экстрактысы
SFPC XSL, FP	Стоматологиялық фитопенка
XS-P 70%	Перколятор әдісімен алынған <i>Xanthium strumarium</i> L. 70% спирттік экстрактысы
XS-U 70%	Ультрадыбыстық әдіспен алынған <i>Xanthium strumarium</i> L. 70% спирттік экстрактысы

## КІРІСПЕ

**Жұмыстың өзектілігі.** Диссертациялық жұмыста зерттелетін мәселенің өзектілігі фармацевтика саласының маңызды бағыты Қазақстан Республикасының халқын сапалы, тиімді және қолжетімді отандық дәрілік заттармен қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекет басшысының «Жаңа жағдайда — Қазақстан: іс-қимыл уақыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында, еліміздің 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарына, ҚР Премьер-Министрінің «2020–2025 жылдарға арналған фармацевтикалық және медициналық өнеркәсіпті дамыту жөніндегі кешенді жоспары» туралы өкіміне, сондай-ақ ҚР Үкіметінің «2023–2029 жылдарға арналған өңдеуші өнеркәсіпті дамыту тұжырымдамасы» және «Салауатты ұлт» ұлттық жобасы туралы қаулыларына сәйкес, Қазақстан Республикасының аумағында өсетін дәрілік өсімдіктерді пайдалану арқылы отандық дәрілік құралдар жасаудың, сондай-ақ отандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, сыртқы нарыққа шығару арқылы фармацевтикалық кластерді дамытудың маңызы артып келеді [1-5].

Осыған байланысты, жабайы және мәдени өсімдік шикізатының меншікті ресурстарын неғұрлым толық пайдаланудың тәсілдерін іздестіру және олардың негізінде бағасы жағынан қолжетімді дәрілік субстанцияларды зерттеу керек.

Құрамындағы биологиялық белсенді қосылыстарға бай, кең ауқымды фармакологиялық белсенділікке ие *Asteraceae Dumort* – *Asteraceae* тұқымдасының өсімдіктері үлкен ғылыми қызығушылық тудыруда. Мұндай өсімдіктерге кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) жатады және оның қазіргі уақытта оның 25-ке жуық түрі белгілі. Көптеген елдерде халық медицинасында дәрілік шикізат ретінде кеңінен қолданылады.

Кәдімгі сарысою Қиыр Солтүстікті қоспағанда, бүкіл әлемде арамшөп ретінде өседі. Еуропа, Азия және Солтүстік Америка, Африка, Австралия, Оңтүстік Америка, Үндістан, Қытай, Индонезия және Малайзия елдерінде кең тараған. Қазақстанда сарысоядың екі түрі кездеседі. Көбінесе (әсіресе оңтүстік аймақтарда) кәдімгі сарысою немесе зоб (*X. strumarium*) және тікенді сарысою (*X. spinosum*) кездеседі [6].

*Xanthium strumarium* L. химиялық құрамында моно- және сесквитерпеноидтар, ди- және тритерпеноидтар, стероидтар, фенилпропаноидтар, кумариндер, флавоноидтар, жоғары май қышқылдары, витаминдер, азотты қосылыстар, иілікті заттар сияқты қосылыстардың көптеген кластары бар. Сондай-ақ, алкалоидтар, терпеноидтер және флавоноидтар тобына да бай екендігі белгілі. Өсімдік құрамында С дәруменінің, құрамынды микроэлемент йодтың көп болуына байланысты халықтық медицинада қалқанша безінің ауруын емдеу үшін, қан кетуді тоқтату кезінде және суық тигенде де қолданылады. Фенилпропаноидты усзол қышқылының және сесквитерпеноидты кариофилленнің жеткілікті мөлшерінің болуы әртүрлі ісік түрлерінің өсуіне және таралуын басатын әсер етеді [7].

Осыған байланысты Қазақстанда өсетін *Xanthium strumarium* L. шикізатынан стоматологиялық өнімдердің ассортиментін кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының фармацевтика өнеркәсібі үшін даму болашағы зор.

**Зерттеудің мақсаты:** *Xanthium strumarium* L. шикізаты негізінде субстанция мен стоматологиялық пленка алу технологиясын жасау және оларды стандарттау.

**Зерттеу міндеттері:**

1. *Xanthium strumarium* L. өсімдік шикізатына фармакогностикалық зерттеу жүргізу.

2. Ультрадыбыстық белсендіру жағдайында кәдімгі сарысоюдан қою экстракт алу үшін экстракция процесінің оңтайлы параметрлерін анықтау.

3. *Xanthium strumarium* L қою экстракты негізінде дайын дәрілік түрдің құрамы мен технологиясын жасау.

4. Жаңа дәрілік зат алу мақсатында тиімді *Xanthium strumarium* L. қою экстрактысының үлгілерін таңдау және фармакологиялық белсенділіктерін анықтау.

**Зерттеу нысаны:** 1) Алматы облысы, Панфилов ауданы, Басқұншы ауылы маңынан жеміс беру кезеңінде кәдімгі сарысою шикізатының үлгісі жиналды. Жинау уақыты: тамыз-қыркүйек 2022 ж., координаттары: 44°20'26" N. 80°22'56" E.

2) Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ақадыр ауылынан жиналған кәдімгі сарысою шикізатының үлгісі. Жинау уақыты: тамыз-қыркүйек 2022 ж., координаттары: 48°24'49" N. 72°83'75" E (Қосымша А).

**Жұмыстың ғылыми жаңалығы:**

- алғаш рет Қазақстанда өсетін *Xanthium strumarium* L. дәрілік өсімдік шикізатының сапа көрсеткіштері мен фармакогностикалық талдау жүргізіліп, нормативтік құжаттардың жобалары әзірленді;

- алғаш рет Қазақстан аумағында *Xanthium strumarium* L. шөбінің шикізат қорын анықтау жүргізілді (Қосымша Б).

- алғаш рет ультрадыбыс көмегімен *Xanthium strumarium* L. экстрактыларын алу әдісі жасалды;

- алғаш рет ультрадыбыстық әдісті қолдану арқылы алынған кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) қою экстрактысының тәжірибелік үлгілерінің микробқа, қабынуға қарсы және антиоксидантты биологиялық белсенділігі зерттелді;

- алғаш рет кәдімгі сарысоюдан (*Xanthium strumarium* L.) қою экстрактысы негізінде стоматологиялық пленка түріндегі жаңа дәрілік зат құрамы жасалды;

- алғаш рет кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) негізінде әзірленген дәрілік түрдің сапа көрсеткіштері әзірленіп, сақтау мерзімі мен сақтау шарттары анықталды.

Диссертациялық зерттеудің ғылыми жаңалығы Қазақстан Республикасының 15.08.2025 жылғы № 9875 пайдалы модельге патентімен расталған «Микробқа қарсы агент ретінде *Xanthium strumarium* L. (кәдімгі сарысою) пайдалану» (Қосымша В).

**Қорғауға ұсынылған диссертациялық зерттеудің негізгі ережелері:**

- Қазақстан аумағында өсетін *Xanthium strumarium* L. өсімдік шикізатының фармакогностикалық талдау нәтижелері, нормативтік құжаттардың жобалары;
- *Xanthium strumarium* L шикізатынан ультрадыбыстық әдіс көмегімен қою экстрактысын алу әдісі және олардың компоненттік құрамын талдау нәтижелері;
- фармакологиялық белсенділікті (микробқа, қабынуға қарсы және антиоксидантты) скрининг негізінде қою экстрактының тиімді үлгісін таңдау нәтижелері;
- емдік әсері бар өсімдік экстрактысы негізіндегі стоматологиялық пленкалар түріндегі дәрілік заттың құрамын әзірлеу;
- жасалған стоматологиялық пленканың фармакологиялық белсенділігін зерттеу нәтижелері.

### **Жұмыстың тәжірибелік мәні**

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде Қазақстан аумағындағы *Xanthium strumarium* L. шөбінің шикізат қоры анықталды.

*Xanthium strumarium* L. өсімдік шикізатын дайындау технологиясы мен сапа спецификациясы, нормативтік құжаттарының жобалары дайындалды.

Ультрадыбыс әдісімен *Xanthium strumarium* L. негізінде экстракт алынып, химиялық құрамы анықталды және стандартталды.

Кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) қою экстрактысы негізінде стоматологиялық пленка жасалды. Жедел уыттылықты зерттеу нәтижелері бойынша қою экстрактысының улы қасиеттері жоқ, қабынуға қарсы, антиоксиданттық және микробқа қарсы белсенділікке тексерілді.

Зерттеу нәтижелері негізінде *Xanthium strumarium* L. шөбіне, кәдімгі сарысою негізінде ультрадыбыстық әдіспен алынған қою экстракт субстанцияларына және кәдімгі сарысою экстракты негізінде жасалған пленкалар бойынша зертханалық регламенттер (Қосымша Г, Д) мен нормативтік құжаттар жобалары (Қосымша Е, Ж, И) әзірленді.

Ультрадыбыстық әдіспен кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.) экстрактыларын алу технологиялық процесін жүзеге асыру «Қарағанды медицина университеті» КеАҚ, фармацевтика мектебіне, «академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» КеАҚ, биология-география факультетіне, «Башқұрт мемлекеттік медицина университеті», фармакогнозия және ботаника кафедрасының оқу процесіне енгізілді (Қосымша К, И, М).

### **Автордың жеке үлесі**

Диссертациялық зерттеудің барлық ұсынылған эксперименттік нәтижелерін автордың өзі жасады, бұл ізденушінің дәрілік түрлер технологиясына қосқан жеке үлесін көрсетеді. Автор *Xanthium strumarium* L. анатомиялық және морфологиялық сипаттамаларын зерттеу бойынша зерттеулер жүргізді, этил спиртімен және тазартылған сумен ультрадыбыс әсерімен экстракциялау әдісі арқылы алынған экстрактылардың үлгілерін бөліп алды және әзірледі, ЖТСХ - МС талдауы арқылы олардың құрамы анықталды, ультрадыбыстық экстрактыларды алу әдістерін жасады. Үлгілер микробқа қарсы, қабынуға қарсы, антиоксиданттық және микробқа қарсы белсенділікке тексерілді. Субстанция

мен дәрілік түрдің зертханалық ережелері әзірленді. Алынған нәтижелерге статистикалық өңдеу жүргізілді.

#### **Диссертация нәтижелерінің апробациясы**

1) «Биологияның, медицинаның және фармацевцияның даму тиімділігі» жас ғалымдар мен студенттердің ІХ халықаралық ғылыми конференциясы (Қазақстан, Қарағанды 2022 ж.);

2) «Экологияның өзекті мәселелері» XV Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Қазақстан, Қарағанды, 2023 ж.);

3) «Табиғи қосылыстар химиясының өзекті мәселелері» халықаралық ғылыми конференциясы Ташкент, 2023 ж.);

4) «Медициналық білім мен ғылымдағы интеллектуалды технологиялар: инновациялық тәсілдер» халықаралық қатысуымен жас ғалымдар мен студенттердің XX ғылыми-практикалық конференциясы (Тәжікстан, 2025 ж.); және Халықаралық биомедициналық форум: Зерттеулер және инновациялар (Қазақстан, Қарағанды, 17-18 сәуір 2025 ж.) Осы конференцияға қатысқаным үшін сертификат алынды (Қосымша Н).

#### **Жариялымдар туралы мәліметтер**

Зерттеу нәтижелері бойынша 9 ғылыми жұмыс және конференцияда 1 баяндама жарияланды, оның ішінде: пайдалы модельге патент – 1, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдағы мақалалар – 2;

Scopus дерекқорына кіретін халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдағы мақала – 2 (Q2 , 50 %) (Қосымша П) ; тезистер және Халықаралық ғылыми-практикалық конференциялардағы мақалалар – 4 және 1 баяндама.

#### **Диссертацияның құрылымы мен көлемі**

Диссертациялық жұмыстың баспа мәтіні толықтай компьютерде басылып 151 бетті құрады, оның ішінде атап айтқанда 45 кесте, 38 сурет, 159 дереккөзді қамтитын әдебиеттер тізімінен және де 18 қосымшадан тұрады. Жалпы жұмыс жеті бөлімнен тұрады. Кіріспеден, әдеби шолудан, зерттеу нысандары мен әдістерге арналған бөлімнен, жеке зерттеулер бойынша бөлімдерден және қорытындыдан.

# 1 КӘДІМГІ САРЫСОЯУ (*XANTHIUM STRUMARIUM* L.) - БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІ ҚОСЫЛЫСТАРДЫҢ ШИКІЗАТ КӨЗІ

## 1.1 *Xanthium strumarium* L. дәрілік өсімдік материалы ретіндегі маңызы (өсімдіктің таралуы, химиялық құрамы және халық емінде қолданылуы)

Кәдімгі сарысояу (*Xanthium strumarium* L.) 1-сурет, бүкіл әлемде кең таралған және көптеген елдерде ұзақ уақыт бойы халық емінде кеңінен қолданылады.

Кәдімгі сарысояу - бір жылдық шөптесін өсімдік. Халық емінде ол ежелден бері қабынуға қарсы, микробтарға қарсы, аллергияға қарсы табиғи дәрі ретінде белгілі. Халық емінде негізгі қолдану бағыттары; терілік ауруларда (тері бөртпелері, экзема, псориаз, қышыма), қалқанша без ауруларында (зоб және қалқанша бездің үлкеюі), тыныс алу, суық тию ауруларында (тұмау, жөтел, мұрын біту, бронхит), буын және ревматизм ауруларында (буын, бел, ревматизм).

Биологиялық белсенді қосылыстардың жоғары құрамын көрсететін белгілі зерттеу нәтижелері бар, соның арқасында кәдімгі сарысояудың экстрактылары айтарлықтай антиоксиданттық, ісікке қарсы, бактерияға қарсы, вирусқа қарсы, паразиттерге қарсы, нейропротекторлық әсерлерді көрсетеді.



Сурет 1 - Кәдімгі сарысояу (*Xanthium strumarium* L.) гүлдену фазасында

Ескерту – көзі: Плантарий

Кәдімгі сарысояу (*Xanthium strumarium* L.) *Asteraceae* Dumort (Compositae)-*Asteraceae* тұқымдасына жатады. *Asteraceae* тұқымдасына 25-ке жуық түр кіреді. Кәдімгі сарысояу Қиыр Солтүстікті қоспағанда, бүкіл әлемде арамшөп ретінде өседі. Өсімдіктің отаны - Еуропа, Азия және Солтүстік Америка, ол жерден коклебур Африкаға, Австралияға, Оңтүстік Америкаға, Үндістанға, Қытайға, Индонезияға және Малайзияға тарады. Өсімдікті дымқыл құмды топырақтарда, су қоймаларының, арықтардың жағасында, жолдардың жанында және бос жерлерде кездестіруге болады. Ресей Федерациясында сарысояудың 7 түрі кездеседі. Қазақстанда сарысояудың екі түрі кездеседі. Ең көп тарағандары (әсіресе оңтүстік аймақтарда) кәдімгі сарысояу немесе зоб (*X. strumarium*) және тікенді сарысояу (*X. Asteraceae*) болып табылады.

Ботаникалық сипаттама. Кәдімгі сарысояу (синонимдері: тырысқақ шөбі, нетреба, қой торы, тікенді ошаған, шошқа ошаған, йодты шөп) биіктігі 70 см-ге жететін бір жылдық өсімдік. Сабағы күшті тармақталған, жапырақ тәрізді, сұр-

жасыл және қысқа, шамамен түкті. Жапырақтары кезектесіп орналасады, жапырақшалы, үш бөлікті, шеттері кесілген тісті.

Кәдімгі сарысояудың гүлдері түтік тәрізді, кішкентай, жасылдау, кішкентай себеттерде (бір өсімдікте стаминат және пистиллят), жапырақтардың қолтығында шоқ болып орналасады. Жемістері бар пистиллятты (аналық) себеттер сұр-жасыл түсті, тік тікенектермен жабылған, жоғарғы жағында екі үлкен ілгек, иілген тікенектер бар. Жемістер тегіс эллипс тәрізді.

Кәдімгі сарысояу маусымнан тамызға дейін гүлдейді. Бұл көбінесе астық дақылдардың арамшөптері [8].

Химиялық құрамы. *Xanthium strumarium* L. өсімдігінің фитохимиялық талдауы нәтижесінде ксантострумин гликозидтері, алкалоидтар, флавоноидтар, шайырлар, сапониндер, таниндер, каротин ( $\alpha$ -каротин,  $\beta$ -каротин,  $\gamma$ -токоферол), С дәрумені, кумариндер, каротин-феноспоз, май қышқылдары, каротин-феноспоз, галактопидтер, полисахаридтер, стероидтер (кампестрин,  $\beta$ -ситостерол, стигмастерол), эфир майы, бос амин қышқылдары (глутамин қышқылы, глицин, аланин, треонин, аргинин, пролин, валин, изолейцин және метионин) анықталды [9-11]. Өсімдіктің барлық бөліктерінде органикалық байланысқан йодтың көп мөлшері бар. *Xanthium strumarium* L. ең маңызды химиялық құрамдас бөліктері тиазолидиндиондар, фенол қосылыстары және фенол карбон қышқылдары (онононетин, формононетин, хлорогендік және ферул қышқылы, сондай-ақ олардың туындылары: 3,5-ди-О-кофеилкин қышқылы, 1-О-квин қышқылы, 3-О-кофеолкин қышқылы, 4-О-кофеолкин қышқылы, 1,4-О-дикафеолкин қышқылы, 1,5-О-дикоффеилкин қышқылы, 1,3,5-О-трикофеилкин қышқылы, 3,4,5-О-трикофеол, сондай-ақ изопреноидтар (струмастерин,  $\beta$ -ситостерол,  $\alpha$ -амирин, гексадекан қышқылы) [12-15] және монотерпендік лактондар.









Кәдімгі сарысояудан алынған биологиялық белсенді сесквитерпенді лактондар кешені ксантаноидтар жалпы атауын алды, олардың ішінде ең танымал және жақсы зерттелген қосылыстар: ксантанол, изоксантанол, ксантанин, ксантумин, дезацетоксиксантумин, ксантоксин, ксантин, ксантуманоликс және эпиксантинол [16,17].

Сондай-ақ, кәдімгі сарысояудың құрамында кауран дитерпендері және олардың туындылары, гликозидтер, тетрациклді құрылымды мевалон қышқылының туындылары, тритерпендік сапониндер бар [18,19].







Этилацетат фракциясынан жоғарыда аталған қосылыстардан басқа, бірлескен авторлар протокатех қышқылы, цитидин, патулетин-3-глюкуронид, кверцетин-3-О-глюкуронид [20] және Үндістан ғалымдары – ксантиазон [21] сияқты қосылыстарды бөліп, анықтай алды.

Негізгі биологиялық белсенді қосылыстардың құрылымдық формулалары 1 кестеде берілген.

Кесте 1 - *Xanthium strumarium* L. өсімдігінде кездесетін кейбір биологиялық белсенді заттардың құрылымдық формуласы

№	Химиялық қосылыс	Формула
1	2	3
1	Ксантатин	
2	8-эпиксантатин және эпиксантатин	
3	Ксантинин	
4	Ксантанол немесе ксантгидрол	
5	Ферул қышқылы	
6	Ксантумин	
7	Ксантинозин	
8	α-амирин	

1 – кестенің жалғасы

1	2	3
9	Эпиксантанол	
10	Ксантиазон	
11	Хлороген қышқылы және оның туындылары (3,5-ди-О-кофеилкин қышқылы, 1-О-кофеилкин қышқылы және т.б.)	
12	Протокатех қышқылы	
13	Цитидин	
14	Тиазолидиндиондар	

Дәрілік өсімдіктер медицина өнеркәсібінде өсімдік шикізатының ең маңызды көзі. Көптеген жылдар бойы жүздеген дәрілік өсімдіктер дәстүрлі ем ретінде кеңінен қолданылды. Бір айта кетедіндігі, дамыған елдердегі адамдардың 80%-ға жуығы дәстүрлі медицинада дәрілік өсімдіктерді пайдаланады [22]. Дәрілік өсімдіктердің құрамында адам ағзасына белгілі бір фармакологиялық әсер ететін көптеген органикалық қосылыстар бар.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша, дәрілік өсімдіктер әртүрлі дәрі-дәрмектерді алудың ең жақсы көзі. Сондықтан, дәрілік өсімдіктердің құрамындағы биологиялық белсенді қосылыстардың құрамы мен әсер ету механизмін зерттеуге қызығушылық табиғи құбылыс [23-30]. Осыған байланысты, аз зерттелген кәдімгі сарысоюу өсімдігінен дәрілік түрлер өндіру үшін шикізатты зерттеу қызықты.

Салех Кассим Аль -Гифри диссертациясында кәдімгі сарысоюу (Орталық Ресей флорасы) шөбінің фенолды қосылыстарының сапалық және сандық құрамын зерттеді, олардың ішінде 12 фенолдық келесі табиғи қосылыстар анықталды: (дигидрокумарин, 7-метоксикумарин, кумарин; галл қышқылы, 3 гидроксидиннамикалық қышқылдар: хлорогендік, кофеиндік, ферулдік; флавоноидтар: рутин, кверцетин, дигидрокверцетин, лютеолин 7-глюкозид, апигенин) [31-40].

Фармакологиялық белсенділігі көп фенолдық қосылыстардың мұндай әртүрлілігі кәдімгі сарысоюуды медицинада қолданудағы келешегі зор екенін білдіреді.

Иран мен Италия ғалымдарының (Javad Sharifi-Rad және т.б.) ГХ-МС әдісін қолдана отырып, кәдімгі сарысоюудың жапырақтары мен сабақтарынан алынған эфир майына бірлескен зерттеуі эфир майының бай құрамын көрсетті. Зерттеулер Иранда өсетін өсімдіктерге жүргізіліп, барлығы 34 қосылыс анықталды. Олардың негізгі компоненттері цис- $\beta$ -гуаиан (34,2%), лимонен (20,3%), борнеол (11,6%), борнилацетат (4,5%),  $\beta$ -кубилен (3,8%), сабинен (3,6%), фитол (3,1%),  $\beta$ -селинен (2,8%), камфен (2,2%),  $\alpha$ -куббен (2,4%),  $\beta$ -кариофилен (%) және  $\beta$ -1,сипинен (%). ксантин (1,04%).

Антибактериалды және зеңге қарсы скрининг эфир майының алтын стафилококк, *Bacillus subtilis*, *Klebsiella pneumoniae*, *Pseudomonas aeruginosa*, *Candida albicans* және *Aspergillus niger* өсуін айтарлықтай тежейтінін көрсетті [41-50].

Салех Кассим Аль - Гифри кәдімгі сарысоюу майының (Орталық Ресей флорасы) құрамындағы 39 компонентті анықтады, олардың басым компоненттері гексо-оксифарнезил ацетон (2-пентадеканон, 6,10,14-триметил), спатуленол [51] және бразилиялық ғалымдар  $\beta$ -гуа құрамдас бөлігінен эфир майын ашты [52-59]. Алынған мәліметтер эфир майының сапалық және сандық құрамын генетикалық және экологиялық факторлармен де анықтауға болатынын дәлелдейді [60 - 74].

Биологиялық қызметі және дәрілік қасиеттері.

Кәдімгі сарысоюу ежелден дәстүрлі қытай медицинасында қолданылған. Кәдімгі сарысоюудың емдік әсері биологиялық белсенді заттардың күрделі химиялық құрамына байланысты. Халықтық медицинада аллергиялық ринит, гайморит, ринит, ревматизм, артрит, бел ауруы және қышыну кезінде қолданылатын шөп те, тамыр да шикізат болып табылады [75,76].

Әдебиеттерде кәдімгі сарысоюудың әртүрлі бөліктерінен алынған экстрактылары зеңге қарсы және лейшманиялық [77], қабынуға қарсы [78], антитрипаносомальды [79], гипогликемиялық [80], антигельминтикалық [81], жараға қарсы [82], диуретикалық [83] және антиморальды [84] әсерлері бар

екендігі туралы деректер бар. Ғылыми әдебиеттерде кәдімгі сарысояудың бактериостатикалық, фунгистатикалық және ісікке қарсы әсері туралы мәліметтер бар, бұл оның иммундық жүйеге әсерімен байланысты [85–87]. Сондай-ақ тікенді алма шөбінің антиоксиданттық және қабынуға қарсы әсері бар екені анықталды [88].

Бұл кәдімгі сарысояудың арахидон қышқылы мен азот оксиді алмасу өнімдерінің ингибиторы болып табылатындығына байланысты, сонымен қатар азот оксиді синтезі және простагландин синтезі және ісік некрозының факторы [89].

Т. Хан және т.б. тышқандарға жүргізген зерттеулерінде кәдімгі сарысояудың этанол сығындысының n-бутанол фракциясы күшті анальгетикалық әсерге ие екенін көрсетті, бұл оның қабынуға қарсы белсенділігімен байланысты болуы мүмкін [90].

*In vitro* зерттеулері *Xanthium strumarium* шөбінің гүлдену фазасынан алынған экстрактыны бақылауда қолданылатын антибиотиктермен салыстырғанда тырысқақ вибрионының өсуінің күшті тежегіші болып табылатынын көрсетті. Бұл әсер сесквитерпендік лактондар тобымен, атап айтқанда ксантинмен байланысты [91].

Жапон ғалымдарының пікірінше, сесквитерпен лактондары метициллинмен салыстырғанда алтын стафилококк штаммдарына қарсы кәдімгі сарысояу шөптерінің маңызды белсенділігіне жауап береді [92]. Осыған ұқсас әсер *Staphylococcus epidermidis*, *Streptococcus faecalis*, *Klebsiella pneumoniae*, *Bacillus cereus*, *Bacillus subtilis*, *Pseudomonas aeruginosa*, *Salmonella typhi* және *Mycobacterium tuberculosis* штаммдарына қатысты да байқалды [93, 94].

Tripathi және т.б. [95] өз зерттеулерінде кәдімгі сарысояу жапырақтарының тозаңы *Colletotrichum capsici*, *Curvularia Lunata* және *Helminthosporium* қарсы фунгицидтік әсер ететінін, ал этанол сығындысы *Candida Albicans*, *Candida glabrata* және *Asper* өсуін тежейтінін көрсетті.

Сонымен қатар, кәдімгі сарысояудың сулы экстрактысы вирусқа қарсы белсенділікке ие екендігі анықталды - ол МТ-2 Т-лимфобластикалық жасушаларын АИТВ вирусының цитопатиялық әсерінен қорғайды. Бұл әрекеттің механизмі вирустың жасушаға енуіне кедергі жасауға негізделген [96].

Тәжірбиелік зерттеулер кәдімгі сарысояудың метанол сығындысының ойық жара ауруы мен асқазан обырын емдеуде қолданылатын антибиотиктерге қарағанда *Helicobacter pylori* грамтеріс бактерияларына тиімдірек бактерицидтік әсер ететінін көрсетті [97,98]. Метанол сығындысының жараға қарсы белсенділігі шөпте флавоноидтар мен ксантолидиндердің болуымен байланысты.

Кәдімгі сарысояу экстрактылары да антипаразиттік әсер көрсетеді. *Xanthium strumarium* экстрактысындағы сесквитерпен лактондары *Leishmania infantum*, *L. mexicana*, *L. braziliensis*, *L. donovani* және *L. amazonensis* [99] өсуін тежеген.

Әдеби деректерге сәйкес, кәдімгі сарысояудың сулы-спирттік экстрактылары (65%) фуросемидпен салыстырғанда күшті диуретикалық әсер

көрсетеді, сонымен бірге организмнен натрий мен калийдің шығарылуын арттырады [100].

*Xanthium strumarium* метанол экстрактысының этилацетатты фракциясын фитохимиялық зерттеу нәтижесінде кофеолкин қышқылының жеті туындысы бөлінгені бұрын айтылған болатын. Сеун Хван Хван басқарған қытайлық ғалымдар бұл қосылыстарды  $\alpha$ -глюкозидаза, ақуыз тирозинфосфатаза және радикалды тазарту белсенділігін *in vitro* талдауларын қолдану арқылы скринингтен өткізді.

*X. strumarium* алынған барлық қосылыстардың ішінен метил-3,5-дикаффеоилкин қышқылы оқшауланды және  $\alpha$ -глюкозидазаға қарсы маңызды тежеу белсенділігін көрсетті. Метил-3,5-дикаффеоилкин қышқылы *X. strumarium* диабетке қарсы әсеріне жауап береді [101].

Кәдімгі сарысоюу экстрактысындағы катехин, эпикатехин және кофе қышқылы сияқты фенолдық қосылыстар нейрондық өлімді тудыратын N-метил-D-аспаратат рецепторларын тежеу арқылы ми түйіршіктерінің жасушаларына нейропротекторлық белсенділік көрсетеді, оларды жоғары глютаминмен туындаған апоптоздан қорғайды [102].

Кәдімгі сарысоюу құрамындағы фенолды қосылыстар цитокиндердің, өсу факторларының, гормондардың, канцерогендердің түзілуін бастайтын және көптеген гендердің экспрессиясын реттейтін ядролық фактор тежейтін көрінеді.

Кәдімгі сарысоюудың дәрілік түрлері ядролық факторлардың сигналдық жолының кезеңдерінің бірін тежейтіні белгілі [103, 104]. Руссакистің айтуынша, шөп сығындысы тубулиннің полимерленуін тежейді, бұл кейіннен ісік жасушаларының пролиферациясының бұзылуына және өліміне әкеледі [105].

Бірқатар зерттеулер кәдімгі сарысоюу сығындыларының (метанол, этанол, дихлорометан және хлороформ) *in vitro* цитотоксикалық белсенділігін көрсететінін көрсетті. Кәдімгі сарысоюудың жапырақтары мен гүлдерінен алынған гексан және хлороформ сығындылары ісікке қарсы ең көп әсер ететіні, ал сабақтарынан алынған сығындылар ең аз белсенділік танытқаны анықталды.

Өсімдік жапырақтарының 50% этанол сығындысы да трипаносомаларға қарсы белсенділік көрсетеді. *X. strumarium* жапырақтарының метанол және дихлорометан экстрактыларын биологиялық бағалау екі экстрактыда да биоактивті қосылыстардың бар екенін көрсетті. Биологиялық белсенділік үшін экстрактылардың фракцияларын сынағаннан кейін негізгі белсенді компонент ксантатин екені дәлелденді.

Кәдімгі сарысоюу экстрактында ксантан болуы туралы әртүрлі авторлар хабарлаған. Ксантатин адамның тоқ ішек жасушаларына, сүт безі жасушаларына және қатерлі ісік жасушаларына қарсы *in vitro* ісікке қарсы белсенділік көрсетеді [106].

Басқа зерттеулерде ксантатин химиялық құрылымында метил- $\gamma$ -лактонның болуына байланысты бактерицидтік және фунгицидтік белсенділікті көрсетті [107]. Сонымен қатар, ксантатиннің эпимерлері болып табылатын 8-эпиксантатин және 8-эпиксантатин эпоксиді жәндіктердің өсуіне ингибиторлар

қызметін атқарады, мұны жапондықтар Дрозофилаға жүргізген зерттеулерінде көрсетті [108].

Ксантатин қабынудың белгілі медиаторлары болып табылатын циклооксигеназа мен 5-липоксигеназаны тежейді, осылайша қабынуға қарсы белсенділік көрсетеді, сонымен қатар фарнезилтрансфераза ферментін тежеу қабілетін көрсетеді, әсіресе Рас-тәуелді белоктардың пролиферациясын блоктайды және осылайша жасуша мембранасының орналасуын өзгертеді.

Құрылымында метил-γ-лактоны бар сесквитерпен лактондары әртүрлі жасушаларда апоптозды тудыруға қабілетті екені белгілі. Сесквитерпендік лактондардың ісікке қарсы әсер ету механизмі олардың құрылымында екі алкилдеуші функционалды топтың болуымен байланысты: қанықпаған лактон және α-β-қанықпаған кетон немесе эпоксидті топ [109].

Айта кету керек, фарнезилтрансфераза ингибиторлары қазіргі уақытта қатерлі ісікке қарсы күресте негізгі стратегиялардың бірі болып табылады [110,111].

Ресми медицинада кәдімгі сарысоюу ешқандай қолданыс таппады. Жалғыз ерекшелік - тікенді алма ағашының шөбінен жасалған және уродинамикалық түзетуші және простата безіндегі зат алмасуға әсер ететін құрал ретінде әрекет ететін румыниялық «Адено-стоп» препараты [112].

Қытайда бұл өсімдік ұзақ уақыт бойы белгілі, мемлекеттік фармакопояға енгізілген және күрделі дәрілік препараттардың бөлігі болып табылады. Мұндай комбинацияның мысалы ретінде жоғарғы тыныс жолдарының қабыну аурулары үшін қолданылатын *Xanthium Formula* (Canger San Cangerzi немесе San) препараты, оған кәдімгі сарысоюу, анжелика және магнолия кіреді. 5-60 тамшы дозада кәдімгі сарысоюу шөптерінің сұйық сығындысы көптеген ауруларды емдеу үшін қолданылады [113].

Америка құрама штаттарында соңғы жылдары кәдімгі сарысоюудың биологиялық белсенді заттарының жеке фракциялары бар бірнеше препараттар патенттелген [114]. 1975 жылы Тернер мен Крейг [115] гипогликемиялық әсері бар кәдімгі сарысоюу шөбінен кофе қышқылын бөліп алу әдісін патенттеді.

1991 жылы Чжан [116] аллергиялық реакцияларды емдеу үшін иммунотерапияда қолданылатын кәдімгі сарысоюу эфир майын өндіру әдісін патенттеді. 2002 жылы тікенді алма жемісінің сығындысын қамтитын және дәстүрлі қытай медицинасында қабыну синуситін емдеу үшін қолданылатын Хуодан Биян препараты патенттелді [117].

1963 жылдан бастап *Xanthium strumarium* L. жемістері Ресей Федерациясының Фармакопоясына енгізілді. Қытай Халық Республикасы және қазіргі уақытта *X. strumarium* жемістері бар 60-тан астам қоспалар: ринит, мұрын синуситі, бас ауруы және асқазан-ішек жолдары сияқты әртүрлі ауруларды емдеу үшін қолданылады. Ойық жара, есекжем, ревматизм, бактериялық және саңырауқұлақ инфекциялары және артрит емдеуде кеңінен қолданады [118-121].

Жоғарыда келтірілген әдебиеттерге шолу жасасақ кәдімгі сарысоюудың бай химиялық құрамы бар және көп бағытты фармакологиялық әсерлері бар екенін көрсетеді. Кәдімгі сарысоюу шөбінде флавоноидтар мен фенол топтарының

болуы өсімдік материалының бұл түрін жаңа препараттардың тиімді көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

## 1.2 Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығындағы стоматологиялық препараттар (нарық талдауы, сату көлемі, дәрілік заттар)

Ауыз қуысы ауруларын емдеу және алдын алу қазіргі заманғы стоматологияның ең өзекті мәселелерінің бірі болып қала береді. Стоматологиялық препараттар, әсіресе ауыз қуысы ауруларын емдеу және алдын алу құралдарына сұраныстың өсуі жағдайында, Қазақстан фармацевтикалық нарығында елеулі орын алады. Бұл зерттеудің мақсаты - 2014-2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасында анатомиялық-терапиялық химиялық жіктемесі бойынша «A01A стоматологиялық препараттар» тобына жататын дәрілік заттар нарығын талдау болып табылады. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік дәрілік заттар тізілімі деректері бойынша (01.04.2025 жылға дейінгі мәліметтер) бүгінгі күнге дейін барлығы 6998 дәрілік зат тіркелген, оның ішінде: жергілікті өндірілгендері - 557 (8%) шетелдіктері - 6441 (92%) (Сурет 2).



Сурет 2 - Дәрілік препараттар нарығын талдау

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы дәрілік заттардың импортына айтарлықтай тәуелді. Мемлекеттік тіркеу деректері бойынша, елде тіркелген және сатылатын препараттардың 92%-дан астамы шетелдік шығу тегіне ие. Ішкі нарықты қамтамасыз етудегі жергілікті өндіріс үлесі салыстырмалы түрде төмен деңгейде - бар-жоғы 8% құрайды. Стоматологиялық плёнкаларды әзірлеу қазіргі уақытта ең өзекті және сұранысқа ие тақырып болып табылады. Оларды қолдану пародонттың қабынуымен байланысты ауруларды (гингивит, пародонтит, пародонтоз және т.б.) емдеуге мүмкіндік береді. Бұл дәрі нысандарының артықшылықтарына әсер ету ұзақтығы және белсенді заттың дәл дозалануы жатады. «Диплен-дента С» плёнкасы (солкосерил құрамы бар) осыған мысал бола алады. Олар: жараның аймағына микроорганизмдердің енуіне кедергі келтіреді; ауыз кілегейлі қабықтарының зақымдануын оңтайлы жазылуын қамтамасыз етеді. Стоматологиялық плёнкалар тиімділік, қолдануға ыңғайлылық және жанама әсерлердің ең аз деңгейін біріктіре отырып, стоматологияда перспективалы дәрі нысаны болып табылады.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында анатомиялық-терапиялық химиялық жіктелімі бойынша «А01А – Стоматологиялық препараттар» фармакотерапиялық тобы 34 сауда атауымен ұсынылған. Бұл топқа отандық өндірістегі де, шетелдік өндірістегі де дәрілік заттар жатады. Аталған топтағы дәрілік түрлердің ассортименті 2 кестеде көрсетілген.

Кесте 2 - 2015–2025 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы АТС жіктелімі бойынша «Стоматологиялық препараттар» тобының дәрілік түрлер ассортименті

Дәрілік түрі	Сауда атауы	Доза концентрациясы	АТС классификациясы	Сауда атауларының саны	Ел
1	2	3	4	5	6
Гель	Камистад-Гель N	-	A01AD11 басқа	Дженерик	Германия
	Дентинокс гель N	-	A01AD11 басқа	Түпнұсқа	Германия
Стоматологиялық гель	Дентора®	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Үндістан
	Дентамет	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Ресей
	Аметронид	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Үндістан
	Холисал®	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Польша
Ауыз қуысын шаюға арналған ерітінді	Танфлекс	0.15%	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Түркия
Шаюға арналған ерітінді	Лоробен®	-	A01AD Ауыз қуысы ауруларын жергілікті емдеуге арналған препараттар басқалар	Дженерик	Түркия
Жергілікті қолдануға арналған ерітінді	Тантум Верде®	0,15 %	A01AD02 Бензидамин	Түпнұсқа	Италия

2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Сыртқы қолдануға арналған ерітінді	Стоматидин®	0,1 %	A01AB12 Гексэтидин	Дженерик	Босния және Герцеговина
Жергілікті қолдануға арналған ерітінді	Оралсепт	1,5мг/г	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Солтүстік Македония республикасы
Жергілікті қолдануға арналған ерітінді	Кандид	1 %	A01AB18 Клотримазол	Дженерик	Үндістан
Шаюға арналған ерітінді	Лоридамин	1.5 милли литрге милли грамм	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Молдова Республикасы
Резорбцияға арналған таблеткалар	Шалфей	12.5 миллиграмм	A01AD11 басқа	Дженерик	Беларусь
Жергілікті спрей	Лоридамин	0,15 %	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Молдова
	Лоридамин Форте	Бір миллилитрге 3 Миллиграмм	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Молдова
	ПРОПОСО Л-Н	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Украина
	Танфлекс Плюс	-	A01AD Ауыз қуысы ауруларын жергілікті емдеуге арналған препараттар басқалар	Дженерик	Турция
	Золотая Звезда Ингасепт	0,3 %	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Вьетнам
	Золотая Звезда Ингасепт	0,15 %	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Вьетнам
	Терафлю ЛАР	-	A01AB14 Бензоксония хлориді	Түпнұсқа	Италия
	Оралсепт	0,15%	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Солтүстік Македония

2 - кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6
Жергілікті қолдануға арналған спрей мөлшерлен Ген	Тантум Верде®	0,255 мг/доза	A01AD02 Бензидамин	Түпнұсқа	Италия
Ауыз қуысына арналған спрей	Зипелор®	1,5 мг/мл	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Украина
Ауызша спрей	Танфлекс	0.15 %	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Түркия
	Лоробен®	-	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Түркия
	АНЗИБЕЛ®	-	A01AD Ауыз қуысы ауруларын жергілікті емдеуге арналған препараттар басқалар	Дженерик	Қазақстан
Бальзам	КМ-Зубной®	120 миллилитр	A01AD ауыз қуысы ауруларын жергілікті емдеуге арналған препараттар басқалар	Түпнұсқа	Қазақстан
Жалбыз хош иісті пастилкалар	Оралсепт	3 миллиграмм	A01AD02 Бензидамин	Дженерик	Солтүстік Македония
Сұйықтық	Ротокан	-	A01AD11 басқа	Дженерик	Қазақстан
Ішке қабылдауға және жергілікті қолдануға арналған сығынды, (сұйық)	Ротокан-DF	-	A01AB11 басқа	Дженерик	Қазақстан
Қабығы	Емен	-	A01AD11 басқа	Дженерик	Қазақстан
Жергілікті сұйықтық	Ротокан	-	A01AD11 басқа	Дженерик	Қазақстан

Стандарттау келесі дәрілік түрлерде кездеседі: гелдер, пасталар, спрейлер мен аэрозольдер, ерітінділер мен сұйықтықтар, пастилкалар мен таблеткалар, тұнбалар, экстракттар және пленкалар. Зерттеу нәтижесінде стоматологиялық препараттардың жалпы санына шаққанда отандық өндірістегі үлесінің аз екені анықталды. Олар келесі өндірушілермен ұсынылған: «СҰЛТАН» ЖШС, «Эко-фарм» ЖШС, «Қызыл Май» ӨК және «Зерде-Фито». Стоматологиялық пленкалар қазіргі таңда кең таралған дәрілік түрлер қатарына жатпайды және ҚР-ның Дәрілік заттар мемлекеттік тізілімінде шектеулі түрде ғана ұсынылған [122]. Бұл дәрілік түр арқылы белсенді компоненттердің босап шығу кинетикасын реттеуге, терапиялық әсердің ұзақтығын арттыруға, әртүрлі фармакотерапиялық

және физика-химиялық топтарға жататын дәрілік заттарды бір композицияда біріктіруге болады. Сонымен қатар, стоматологиялық пленкаларды науқастың өзі қолдана алады, қажет болған жағдайда оларды жағылған жерден оңай алып тастауға болады, әрі қолдануға ыңғайлы және қауіпсіз [123, 124]. Стоматологиялық пленкалардың негізгі компоненттерінің бірі — полимер. Ол дәрілік заттардың тасымалдаушысы (матрицасы) ретінде қызмет атқарады және дәрілік түрге қажетті құрылымдық-механикалық, технологиялық және тұтынушылық қасиеттерді береді. Стоматологиялық пленкаларды алу үшін синтетикалық, жартылай синтетикалық және табиғи тектес полимерлік қосылыстар қолданылады [125-130]. Қазақстан Республикасында «Диплен-дента М» деп аталатын екі қабатты дәрілік пленкалар пародонтитті емдеуге қолданылады. Бұл дәрілік құралдың белсенді компоненттері ретінде метронидазол гемисукцинаты, хлоргексидин биглюконаты және линкомицин гидрохлориді қолданылады [131]. Аталған дәрілік түр шеңберінде әртүрлі фармакотерапиялық бағыттылығы мен сәйкесінше әсер етуші заттары және көмекші заттарының құрамымен ерекшеленетін композициялар ұсынылған. ҚР Дәрілік заттар мемлекеттік тізімі деректері негізінде барлығы 2 стоматологиялық пленка тіркелген (3-кесте) [4].

Кесте 3 - ҚР Дәрілік заттардың мемлекеттік тізім деректері бойынша тіркелген стоматологиялық пленкалар

Сауда атауы	Өндіруші	Ел
SD-SPEEDX ауызішілік рентгенографиясына арналған өздігінен пайдаланылатын стоматальды Пленка, 50 дана қаптамада	Атлас - Таспа Дишчилик Санайи Ве Тиджарет Анонимді Ширкети (Атлас-Али А. Ш.)	Түркия
Dentix дентальды рентген пленкасы, сезімталдығы E, өлшемі 3x4 см. №150 қаптамада	Фома Бохемиа спол.с.р.о.	Чех Республикасы

Мәліметтерге сүйенсек, елімізде стоматологиялық пленкалар отандық өндірісте шығарылмайды. Алайда, тіркелген стоматологиялық препараттардан бөлек, басқа елдерден де өнімдер импортталады. Мысалы, АҚШ-тан (рентгендік пленка Dental D-Speed Films), Қытайдан (Dental X-RAY FILM), Ресей Федерациясынан (Диплен-Дента) әкелінеді [132]. Сонымен қатар, Ресей Федерациясында өндіріліп, Қазақстанға импортталатын Диплен-Дента стоматологиялық пленкаларының бірнеше түрі бар. Қазақстанда қолданылатын «Диплен-Дента» стоматологиялық пленкаларының негізгі түрлері 4-кесте көрсетілген. [133-135].

Кесте 4 - Қазақстанда қолданылатын «Диплен-Дента» стоматологиялық пленкаларының негізгі түрлері

Сауда атауы	Фармакологиялық әсері	Белсенді фармакологиялық ингредиенттер
«Диплен-дента М»	Пародонтитті емдеу	Метронидазол гемисукцинаты, хлоргексидин биглюконаты және линкомицин гидрохлориді
«Диплен-дента С»	Ауыз қуысының шырышты қабығының жарақаттарын емдеу	Солкосерил
«Диплен-дента Х»	Антибактериалды (грам-оң және грам теріс бактерияларға қарсы белсенді)	Хлоргексидин дислоконаты
«Диплен-дента Л»	Жергілікті анестезия	Лидокаин
«Диплен-дента Ф»	Қабынуға қарсы, аллергияға қарсы, иммуносупрессивті	Флуоцинолон ацетониді (глюкокортикостероид)

Қазіргі уақытта стоматологиялық пленкаларды жасау саласында белсенді зерттеулер жүргізілуде. Ал, импорттық стоматологиялық пленкаларды (мысалы, Диплен-Дента) белсенді түрде қолданғанымен, Қазақстан олардың әзірлемесі мен өндірісіне қатыспайды. Негізгі мәселелер: отандық ғылыми әзірлемелердің болмауы, импортқа тәуелділік, жеткіліксіз қаржыландыру.

Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығы айтарлықтай дәрілік заттар импортына тәуелді екені анықталды. Мәліметтер бойынша, елде тіркелген және сатылатын препараттардың 92%-ы шетелдік өндірістен шыққан. Отандық өндіріс үлесі ішкі нарықты қамтамасыз етуде бар болғаны 8%-ды құрайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасындағы АТС жіктемесі бойынша «А01А – Стоматологиялық препараттар» фармакотерапевтік тобы бойынша 34 сауда атауы тіркелген, олардың алтауы отандық өндірістен. Сондай-ақ, стоматологиялық пленкалар бұл дәрілік түрдің ауыз қуысының түрлі патологияларын алдын алу мен емдеуде сұранысқа ие екенін көрсетеді.

### 1.3 Трансдермальды препараттар жүйесін құру саласындағы зерттеулердің қазіргі жағдайы

Трансдермальды дәрілік жүйелерді, соның ішінде стоматологиялық пленкаларды құру саласындағы заманауи зерттеулер белсенді түрде дамып келеді және белсенді заттарды жеткізу тиімділігін арттыру, қолданудың қарапайымдылығын арттыру және жанама әсерлерді азайту сияқты бірнеше маңызды мәселелерді шешуге бағытталған.

Стоматологиялық пленкалар жұқа, икемді жүйелер болып табылады, оларды ауыз қуысының ауруларын жергілікті емдеу үшін қолдануға болады. Бұл пленкалар қабынуды, ауырсынуды, инфекцияларды бақылау үшін және гингивит

немесе периодонтит сияқты емдеуге арналған препараттарды локализациялау үшін қолданылады [136].

Негізгі зерттеу бағыттары төмендегідей:

1. Жаңа полимерлі материалдарды әзірлеу:

Қазіргі заманғы стоматологиялық пленкалар көбінесе карбопол, гидроксипропил целлюлоза, поливинилпирролидон және олардың комбинациялары сияқты биоүйлесімді және қауіпсіз полимерлерден тұрады. Зерттеу мұндай материалдардың механикалық қасиеттерін, олардың ерігіштігін, биоыдырағыштығын және ұзақ уақыт бойы белсенді заттарды шығару қабілетін жақсартуға бағытталған.

2. Белсенді заттардың микрокапсуляциясы:

Микрокапсуляция белсенді заттарды ауыз қуысында жойылудан (мысалы, сілекей әсерінен) қорғайды және олардың баяу шығарылуын қамтамасыз етеді. Бұл әсіресе ұзақ уақыт бойы әрекет етуі керек дәрілер үшін өте маңызды.

3. Босап шығу:

Стоматологияда трансдермальды жүйелерді қолдану белсенді заттардың бақыланатын немесе мақсатты шығарылуымен пленкаларды жасауға бағытталған. Бұл ауыздағы проблемалық аймақтарға арналған рН немесе температураға сезімтал жүйелерді қамтуы мүмкін.

4. Биобелсенді компоненттер қосылған технологиялар:

Мысалы, антибиотиктерді, қабынуға қарсы агенттерді немесе антисептиктерді, сондай-ақ тіндердің жазылуын ынталандыратын компоненттерді қосу (мысалы, коллагендер немесе өсу факторлары). Бұл қоспалар қызыл иек ауруын, тіс инфекцияларын және операциядан кейінгі емдеудің тиімділігін арттырады.

5. Артықшылықтары мен қиындықтары: да кездеседі

– Артықшылықтарына тоқталсақ: әсер етудің жоғары локализациясы, жақсартылған төзімділік, минималды дозаларда ұзақ әсер ету.

– Қиындықтар: тұрақты, биоүйлесімді және тиімді материалдарды әзірлеу қажеттілігі, сондай-ақ мұндай препараттардың экономикалық қолжетімділігіне байланысты мәселелерді шешу.

Осылайша, стоматологиялық пленкалар трансдермальды жүйе ретінде фармацевтикадағы перспективалы бағыт болып табылады. Оларды қолдану емдік әсерді жақсартуға ғана емес, сонымен қатар пациенттерге ауыз қуысының ауруларын емдеуді ыңғайлы етуге мүмкіндік береді.

## Бірінші тарау бойынша қорытынды

Әдебиеттерді талдау негізінде *Xanthium strumarium* L. нысанының зерттелу дәрежесіне қатысты келесі қорытынды жасауға болады.

Дәрілік шикізат ретінде көптеген елдерде халық медицинасында кеңінен қолданылатын *Xanthium strumarium* L. өсімдігі ең танымал.

Asteraceae тұқымдасына жататын кәдімгі сарысою (*Xanthium strumarium* L.). (Compositae), шамамен 25 түрі белгілі. Кәдімгі сарысою Қиыр Солтүстікті қоспағанда, бүкіл әлемде арамшөп ретінде өседі. Өсімдіктің отаны - Еуропа, Азия және Солтүстік Америка, ол жерден коклебура Африкаға, Австралияға, Оңтүстік Америкаға, Үндістанға, Қытайға, Индонезияға және Малайзияға тарады. Өсімдікті дымқыл құмды топырақтарда, су қоймаларының, арықтардың жағасында, жолдардың жанында және бос жерлерде кездестіруге болады.

Қазақстанда кәдімгі сарысоюдудың екі түрі кездеседі. Көбінесе (әсіресе оңтүстік аймақтарда) кәдімгі сарысою немесе зоб (*X. strumarium*) және тікенді сарысою (*X. spinosum*) кездеседі.

*Xanthium strumarium* L. өсімдігі бай химиялық құрамы мен биологиялық белсенділігіне ие: антисептикалық, қабынуға қарсы, фунгицидтік, терлеуді басатын, ауыруды басатын, қызуды басатын, спазмолитикалық, тыныштандыратын қасиеттерге ие.

Әдеби көздерден, ең алдымен, кәдімгі сарысою эндемиялық зобта қалқанша безді азайтуға көмектесетіні белгілі. Кәдімгі сарысоюдудың екінші атауы осы жерден шыққан - зоб тәрізді. Сондай-ақ, өсімдіктің қайнатпалары антипиретикалық, диафоретикалық, седативті, фунгицидтік, антисептикалық және қабынуға қарсы әсерге ие.

Кәдімгі сарысою майы бірқатар тері аурулары үшін сыртқа қолданылады. Өсімдік - йод алмасуының бұзылуымен байланысты аурулармен күресуде тиімді құрал. Сондай-ақ, халық медицинасында *Xanthium* L. өсімдігі қалқанша без ауруларына, диареяға, асқазан-ішек ауруларына, тырысқаққа, экземаға, қынаға, терінің және тырнақтың саңырауқұлақ ауруларына қолданылатыны белгілі. *Xanthium* L. өсімдіктерді улы өсімдік ретінде ішкі пайдалану сақтықты қажет етеді.

Фитохимиялық талдау *Xanthium strumarium* L. өсімдігінің бай химиялық құрамын және оның потенциалды фармакологиялық белсенділігін көрсетеді. егжей-тегжейлі зерттеулер қосымша биоактивті қосылыстар мен олардың әлеуетті медициналық қолдану мүмкіндіктерін аша алады.

Қабыну және деструктивті пародонт ауруларын зерттеу және емдеу жеке көзқарас пен кешенді емдеуді қажет етеді. Этиопатогенезді түсіну және сәйкес әдістер мен құралдарды таңдау тиімді периодонтит терапиясының негізі болып табылады. Дегенмен, емдеу нәтижелерін жақсарту және тұрақты проблемаларды болдырмау үшін жаңа препараттарды одан әрі зерттеу және әзірлеу қажет.

Өсімдік компоненттері және пленкадағы микробқа қарсы агенттер қабынуға қарсы және жараларды емдеу процестеріне ықпал ететін емдік әсерлердің кең спектрін қамтамасыз етеді. Клиникалық зерттеулер ауыз қуысының ауруларын

емдеуде және алдын алуда мұндай пленкалардың тиімділігін растайды. Дегенмен, бұл әдістерді стоматологияда қолдануды одан әрі жетілдіру және кеңейту үшін одан әрі ғылыми зерттеулер мен клиникалық сынақтар қажет.

Стоматологиялық дәрілік пленкалар - белсенді заттардың тереңірек және ұзағырақ енуі, олардың әсерін ұзарту мүмкіндігі, жанама әсерлерін азайту және қолдану шарттарын жеңілдету сияқты бірқатар артықшылықтарға ие дәрілік заттардың инновациялық түрі.

Дегенмен, олардың кейбір кемшіліктері де бар, мысалы, белсенді заттардың айтарлықтай мөлшерін қосудың қиындығы, орау материалдарының шектеулі таңдауы және сақтау кезінде қасиеттердің өзгеруі. Сондықтан, жаңа композицияларды жасау және стоматологиялық пленка технологиясын жетілдіру қазіргі заманғы фармация үшін өзекті.

## 2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Бұл жұмыс Қарағанды медицина университетінің Фармация мектебінде жүргізілді.

Ғылыми зерттеу барысында Қазақстан Республикасының аумағында танылған және қолданыстағы нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес материалдар мен әдістер қолданылды.

### 2.1 Зерттеу нысандары

#### Зерттеу объектілері

1. Алматы облысы, Панфилов ауданы, Басқұншы ауылы маңынан жеміс беру кезеңінде жиналған шикізат үлгісі. Жинау уақыты: тамыз-қыркүйек 2022 ж., координаттары: 44°20'26" N. 80°22'56" E.

2. Қарағанды облысы Шет ауданы Ақадыр кеңтінен жиналған шикізат үлгісі. Жинау уақыты: тамыз-қыркүйек 2022 ж., координаттары: 48°24'49" N. 72°83'75" E.

#### Еріткіштер:

Эксперименттік зерттеулерде химиялық реагенттер мен еріткіштер келесі түрлері қолданылды: «талдауға арнайы таза», «химиялық таза», «қосымша таза».

Ацетонитрил.  $C_2H_3N$ . (Mr 41.05). 1000700. [75-05]. (ҚР МФ, 1-том, 339-бет).

Тазартылған су.  $H_2O$ . (Mr 18.02). 1095500. [7732-18-5]. (ҚР МФ, т.2, 168-бет).

Гексан.  $C_6H_{14}$ . (Mr 86.2). 1042600. [110-54-3]. (ҚР МФ II, Т. 1, 348-б.).

Хлороформ.  $CHCl_3$ . (Mr 1.49). 1018600. [67-66-3]. (ҚР МФ, 1-том, 440-бет).

Этанол 96%.  $C_2H_6O$ . (Mr 46.07). 102500. [64-17-5]. (ҚР МФ, 2-том, 581-бет).

Этилацетат.  $C_4H_8O_2$ . (Mr 88.1). 1035300. [141-78-6]. (ҚР МФ, 1-том, 448-бет).

Реактивтер: метилен көгі (ҚР МФ, 2 т., 387 б.), 10% тимол ерітіндісі (ҚР МФ, т. 2, 424 б.) конц.  $H_2SO_4$ , Люголь реактиві (ҚР МФ.1 т. 370), конц.  $H_2SO_4$  (ҚР МФ, 2 т., 413 б.),  $K_2Cr_2O_7$  10% спирт ерітіндісі (ҚР МФ 1 т., 369 б.),  $FeCl_3$  1% спирт ерітіндісі (ҚР МФ 1 т., 364 б.), Драгендорф реактиві (ҚР МФ. 1 т., 337 б.).

Глицерин (Глицерин, Глицерол),  $C_3H_8O_3$ , Mr 92.10. (ҚР МФ, II том, 192 б.)

Аскорбин қышқылы (Acidum ascorbicum)  $C_6H_8O_6$ , Mr 176.1. (ҚР МФ, II том, 113-бет.

Пектин [МББС 34412-2018]

Ксантан камеді [МББС 33333-2015]

Микробиологиялық агар [МББС 206-96]

Салыстыру препараттары:

Нистатин.  $C_{47}H_{75}NO_{17}$ . (Mr 926). (ҚР МФ, т.3, 513-бет).

Нистатин бар индикаторлық дискілер. Тек *in vitro* диагностикалық қолдану үшін. Бензилпенициллин натрийі.  $C_{16}H_{17}N_2NaO_4S$ . (Mr 356,4). (ҚР МФ 2 т., 133-бет).

Бензилпенициллин бар индикаторлық дискілер.

Цефтриаксон натрийі.  $C_{18}H_{18}N_8Na_2O_7S_3$  (Mr 662). (ҚР МФ т.2, 553 б.).

Бутилденген гидроксианизол.  $C_{11}H_{16}O_2$ . (Mr 180,3). (ҚР МФ, 2-том, 148-бет).

Аскорбин қышқылы.  $C_6H_8O_6$  (Mr 176.1) (ҚР ҚҚ 2 том. 113 б.).

Дактиномицин (Актиномицин D).  $C_{62}H_{86}N_{12}O_{16}$ . (Mr 1255,42). (USP 35, Ресми монографиялар, 2012, 2803 бет).

Диклофенак натрий таблеткалары, ішекпен қапталған,  $C_{14}H_{10}Cl_2NNaO_2$ . (ҚР МФ, 2-том, 625-бет).

Фармадонт I № 24. Құрамында косметикалық коллаген, маклея, шалфей, итмұрын сығындысы, түймедақ, ихтиокол (бекіре балығы мен ірі сом балықтарының жүзу қуықтарынан ұсақталған құрғақ коллаген), краб коллагеназасы бар коллаген пластиналары.

Олар ауыратын және сезімтал қызыл иектерге қолданылады және патологиялық процестің кез келген сатысында балалар мен ересектерде пародонт тіндерінің қабыну, инфекциялық-некротикалық, дистрофиялық және басқа ауруларын емдеу және алдын алу үшін қолданылады: гингивит, пародонтит, альвеолит және т.б. Тіс протездеуден бұрын және кейін тіс протездерінің абразиялары үшін қолданылады.

Шығару формасы: №24 ауыз қуысындағы қабынуға арналған коллагендік пластиналар

Өндіруші: Green Dubrava, Ресей.

Сынақ объектілері:

*Candida albicans* ATCC 10231, *Streptococcus pyogenes* ATCC 19615, *Staphylococcus aureus* ATCC 6538, *Escherichia coli* ATCC 25922, *Pseudomonas aeruginosa* ATCC 27853, *Bacillus subtilis* ATCC 6633.

Тәжірибелік жануарлар. Қою экстрактының жедел уыттылығын анықтау үшін орта салмағы 18,0-30,0 грамм аралығында болатын екі жыныстағы тексіз ақ тышқандар пайдаланды.

Керекті аспаптар мен құрылғылар: (Ресей) WB-4MS маркалы су моншасы, (Қытай) ультрадыбыстық монша VGT-1200, (Россия) вакуумді-роторлық буландырғыш Лабтех ИП-1ЛТ, Agilent 5975С (АҚШ) масс-селективті детекторлі Agilent GC System 7890А газ хроматографы, ультракүлгін детекторы және де масс-спектрометрі бар Agilent 1260 Infinity сұйық хроматографы (АҚШ), 16x4 және 16x10 есе Мпикс ұлғайтуға арналған сандық камерасы бар УHCCD03100КРА Альтами микроскоптары (Ресей), (Болгария) USB-микроскопы Levenguk DTX 50, (Ресей) микроскопы Биомед-4 4x, 10x, 20x, 40x сондай-ақ «Leica DM1000» және 400x, 100x, 40x есе ұлғайтуға арналған (Германия) микроскопы.

## 2.2 Зерттеу әдістері

*Xanthium strumarium* L. шөбін жинау және дайындау үдерісі тәжірибелік мақсаттағы өсімдік тектес препараттарды өндіруге арналған жалпы қабылданған әдістемелерге сәйкес жүргізілді. Өсімдік материалдары жаз мезгілінде, гүлдеу фазасы кезінде жиналды. Шикізатты жинау және өңдеу кезеңдері Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған GACP (*Good Agricultural and Collection Practice*) қағидаттарына, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2018 жылғы 26 қаңтардағы №15 «Өсімдік тектес бастапқы шикізатты өсіру, жинау, өңдеу және сақтау қағидаларын бекіту туралы» шешімінің

талаптарына сай орындалды. Жиналған өсімдік материалы кондиционермен жабдықталған, температурасы  $25\pm 2^\circ\text{C}$ -тан аспайтын жер төледе кептірілді. Кептіру барысында шикізат біркелкі құрғауды қамтамасыз ету мақсатында кезең-кезеңімен аударылып отырды. Жиналған өсімдік шикізатының сапасы алғашқы өңдеу кезеңінде тексеріліп, оның құрамында топырақтың қатты бөлшектері, шаң-тозаң, бөгде қоспалар мен жәндіктердің болмауына талдау жүргізілді. Шикізат тиісті таңбалануға сәйкес рәсімделді: қаптаманың сыртына өсімдік атауы, жиналған аймақ, жинау мерзімі және салмағы көрсетілген этикетка жабыстырылды. Дайындалған өсімдік материалы массасы 5 кг аспайтын мөлшерде крафт қағазынан жасалған қаптарға салынып отырды.

ҚР Мемлекеттік фармакопөясының I томының 2 бөліміне сәйкес, құрамында эфир майлары бар өсімдік тектес шикізат  $25\pm 2^\circ\text{C}$ -тан жоғары емес температурада сақталуы тиіс.

*Xanthium strumarium* L. шөбіне фармакогнозиялық талдау жүргізілді.

Шикізатты макрокопиялық зерттеу ҚР Мемлекеттік фармакопөясының I томының 2.8.3 бабына және Еуразиялық экономикалық одақ фармакопөясының (ЕАЭО Ф) 2.1.8 бөлімінің талаптарына сәйкес жүзеге асырылды.

Өсімдік үлгілерінің морфологиялық элементтері — сабақтары, жапырақтары және гүлдері  $\times 5$  және  $\times 10$  үлкейту арқылы зерттелді. Зерттеу барысында нысандардың нақты өлшемдері сызғыштың көмегімен және 3,1 мегапиксельді камерамен жабдықталған *Altami* цифрлық микроскопының бағдарламалық модулі арқылы анықталды ( $16\times 4$  және  $16\times 10$  ұлғайтуда). Микрофотосуреттерді алу үшін *Levenguk USB* микроскопы қолданылды. Морфологиялық белгілерді талдау және сипаттау М.Н. Прозина, А.А. Долгова және Л.И. Лотова ұсынған әдістемелік нұсқаулар негізінде жүзеге асты [137–139].

Шөпті макрокопиялық зерттеу ҚР Мемлекеттік фармакопөясының I томы 2.8.3 тарауына және ЕАЭО Фармакопөясының 2-том, 1.8.17 бөліміне сәйкес жүргізілді. Зерттеуге алынған өсімдік шикізаттары 70% этил спиртінде Страсбургер–Флемминг әдісі бойынша спирт, глицерин және судың 1:1:1 қатынасындағы қоспасын қолдану арқылы фиксацияланды. Микропрепараттарды дайындау жалпыға бірдей қабылданған стандартты әдістер негізінде жүзеге асырылды. Препараттарды жұмсарту үшін глицерин пайдаланылды. Беттік микропрепараттарды алу мақсатында өсімдік шикізаты 10% калий гидроксиді ерітіндісінде қайнатылды. Зерттеу «Биомед-4» маркалы микроскопта  $10\times$  және  $20\times$  окулярларымен, сондай-ақ  $4\times$ ,  $10\times$ ,  $20\times$  және  $40\times$  объективтері қолданылып жүргізілді. Анатомиялық құрылымдарды сипаттау кезінде К. Эзау [139], Н. А. Анелин [140] және Л. И. Лотова [141] ұсынған әдістемелік нұсқаулар мен терминологиялық жүйе басшылыққа алынды.

*Xanthium strumarium* L. шөбінің шикізат үлгілеріне гистохимиялық талдау жүргізу барысында сабақтың көлденең кесінділері, жапырақшалар, тұтас гүл және жапырақтың көлденең әрі беткей бөліктері зерттелді. Зерттеу нысандары алдын ала 70% этил спирті, глицерин және тазартылған су қоспасында (1:1:1 қатынаста дайындалған Страсбургер–Флемминг ерітіндісі) фиксацияланды.

Гистохимиялық зерттеу барысында шикізаттың жерүсті бөліктеріндегі морфологиялық және түстік өзгерістер *Biomed-4* микроскопы арқылы анықталды (окулярлар — 10×, 20×; объективтер — 4×, 10×, 20×, 40×). Алынған микрофотосуреттер талдау нәтижелерін нақтылау мақсатында қолданылды.

Жұмыс ЖФМ 1.5.3.0003.15 «Өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын микроскопиялық және микрохимиялық зерттеу әдістемесі» нұсқаулығына сәйкес орындалды. Гистохимиялық реакцияларды жүргізу кезінде түрлі биологиялық белсенді қосылыстарды айқындауға арналған реагенттер пайдаланылды: метилен көгі — эфир майларын анықтауға, 10% тимол ерітіндісі және концентрлі күкірт қышқылы ( $H_2SO_4$ ) — полисахаридтерге, концентрлі  $H_2SO_4$  — сесквитерпендік лактондарға, 10% калий дихроматының ( $K_2Cr_2O_7$ ) спирттегі ерітіндісі — фенолдық қосылыстарға, 1% темір (III) хлоридінің ( $FeCl_3$ ) спирттегі ерітіндісі — флавоноидтарға, Люголь реактиві — крахмалға, ал Драгендорф реактиві — алкалоидтарға арналған.

*Xanthium strumarium* L. шөбіндегі негізгі биологиялық белсенді заттар тобын анықтау.

Гиперозид және кверцетин сандық анықтау.

Ұнтақталған 1 г шөп сыйымдылығы 150 мл болатын, шлифі бар колбаға салынды. Оған 5% концентрациялы этил спиртінің 30 мл ерітіндісі қосылды. Колба кері тоңазытқышқа жалғанып, су моншасында 1 сағат бойы қыздырылды. Одан кейін қоспа бөлме температурасына дейін салқындатылып, қағаз сүзгі арқылы 100 мл өлшеуіш колбаға сүзілді. Сүзу барысында шикізаттың ұсақ бөлшектері мақта сүзгісі арқылы өтіп кетпеуі қадағаланды. Экстракция процесін жалғастыру үшін колбаға мақта жүнін салып, 50% этил спиртінің 30 мл ерітіндісі құйылды. Экстракция жоғарыда сипатталған әдіспен екі рет қайталанды. Барлық алынған сығындылар бір ортақ өлшеуіш колбаға сүзіліп, сүзгі 50%  $C_2H_5OH$  ерітіндісімен жуылды. Соңғы сүзінді көлемі белгі деңгейіне дейін жеткізілді. Абсолютті құрғақ шикізаттағы флавоноидтардың жалпы мөлшері гиперозид пен кверцетинге қайта есептеу арқылы пайыздық үлесте анықталды. Есептеу X шамасы (1) формуласы бойынша жүргізілді.

$$X = \frac{A \times 100 \times 25 \times 100}{A_1 \times a \times 2,5 \times (100 - W)}, \quad (1)$$

Мұнда,

A — толқын ұзындығы сыналатын ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

$A_1$  — 410 нм, 415–430 нм толқын ұзындығында 1 % алюминий хлоридінің катысында гиперозид және кверцетин жұтылу көрсеткіші;

W — шикізаттың ылғалдылығы, %;

t — шикізат салмағы, г.

*Шөптегі фенол қышқылдарының сандық мөлшерін анықтау*

Дәрілік өсімдік шикізатындағы фенол қышқылдарының жалпы мөлшері спектрофотометриялық әдіс арқылы анықталды [142]. Бұл мақсатта ұнтақталған өсімдік шикізатының дәл өлшенген 1,0 г мөлшері 250 мл сыйымдылығы бар, шлифі бар колбаға салынды. Үстіне 100 мл 70% этил спирті құйылып, қоспа су

моншасында экстрагенттің қайнау температурасында 1 сағат бойы қыздырылды. Алынған экстракт қағаз сүзгі арқылы сүзіліп, А ерітіндісі алынды. Кейін сыйымдылығы 25 мл өлшеуіш колбаға 2,5 мл А ерітіндісі құйылып, ерітіндінің жалпы көлемі 70% этил спиртімен белгіге дейін жеткізілді және мұқият араластырылды. Осылайша дайындалған ерітінді Б ерітіндісі ретінде алынды. Б ерітіндісінің оптикалық тығыздығы 70% этил спирті салыстыру ерітіндісі ретінде пайдаланып, қабат қалыңдығы 10 мм болатын кюветте 326 нм толқын ұзындығында спектрофотометр арқылы өлшенді. Фенол қышқылдарының қосынды мөлшері галл және хлороген қышқылдарының баламасы бойынша абсолютті құрғақ шикізатта пайыздық үлесте есептелді. Есептеу төмендегі формуламен жүргізілді (2):

$$X = \frac{A \times 100 \times 25 \times 100}{A_1 \times a \times 2,5 \times (100 - W)},$$

(2)

Мұндағы,

А- Б ерітіндінің оптикалық тығыздығы;

$A_1$ -271нм, 326 нм толқын ұзындықтарында галл және хлороген қышқылын сіңірілуінің үлестік көрсеткіші 500-ге тең;

а-шикізат өлшендісі, г;

W-шикізат ылғалдылығы,%.

Шөптің құрамындағы таниндердің құрамы «Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарындағы таниндердің құрамын анықтау» ЖФМ сәйкес титриметриялық әдіспен анықталды (1-әдіс) [143-145].

Өсімдік шикізатының құрамындағы полисахаридтердің саны гравиметриялық әдіспен анықталды [146].

Полисахаридтердің мөлшерін анықтау үшін өсімдік шикізатының шамамен 10,0 г өлшендісі 500 мл сыйымдылықтағы колбаға салынып, үстіне 200 мл тазартылған су құйылды. Қоспа су моншасында қайнау температурасына дейін қыздырылып, 1 сағат бойы экстракцияланды. Алынған экстракт маталы сүзгі арқылы сүзіліп, экстракция процесі тағы бір рет қайталанды. Екі рет алынған экстракттар вакуум астында «ақ таспа» қағаз сүзгісі арқылы біріктіріліп сүзілді. Сүзілген ерітінді айналмалы буландырғышта бастапқы көлемнің болжау шамамен 1/5 бөлігіне дейін буландырылды. Бұдан кейін алынған концентратқа 96% этил спиртінің үш еселенген көлемі қосылып, полисахарид кешенінің толық тұнуын қамтамасыз ету үшін тоңазытқышта 12 сағат бойы ұсталды. Тұнба алдын ала тұрақты массаға дейін кептірілген қағаз сүзгісі арқылы сүзіліп алынды. Сүзгіде қалған тұнба ыстық 96% этил спиртімен, кейін ацетонмен жуылды. Жұмыстың аяғында тұнба сүзгімен бірге тұрақты массаға дейін кептіріліп, алынған өнім өлшенді.

Шөптің құрамындағы бос аминқышқылдарының құрамын анықтау этанолдағы 2% нингидрин ерітіндісімен әрекеттесу реакциясына негізделген спектрофотометриялық әдіспен анықталды [147]. Реакция нәтижесінде түзілген

түсті өнімнің оптикалық тығыздығы спектрофотометр арқылы өлшеніп, аминқышқылдарының сандық мөлшері есептелді.

Абсолютті құрғақ шикізатқа есептелген эфир майының мөлшерін, пайызбен, келесі формула (3) бойынша есептейді:

$$X = \frac{V \cdot 100 \cdot 100}{m \cdot (100 - W)}, \quad (3)$$

Мұндағы, V – эфир майының көлемі, миллилитрмен;

m – шикізат өлшендісінің массасы, граммен;

W – кептіргендегі масса шығыны, пайызбен.

Шөптің ұсақтау дәрежесін анықтау

Шөптің ұсақталу дәрежесін анықтау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясының (ҚР МФ) I томындағы «Шикізатты дәрілік өсімдіктің ұсақталу дәрежелерін анықтау» монографиясына сәйкес жүргізілді. Рұқсат етілген шектік мәндер шикізаттың жеке бабы бойынша белгіленді [148, 67 б.].

Шөптегі бөгде қоспаларды анықтау

Бөгде қоспалардың бар-жоғын анықтау ҚР МФ I томының 2.8.2 бөліміне және Еуразиялық экономикалық одақ фармакопеясының (ЕАЭО Ф) 2.1.8.2 монографиясына сәйкес жүргізілді. Зерттелетін дәрілік өсімдік шикізаты зеңмен немесе қамбарлы зиянкестермен зақымданбаған болуы тиіс. Тексеру визуалды түрде немесе 6× үлкейткіш әйнек көмегімен жүргізілді. Анықталған бөгде қоспалар бөлініп алынып, өлшенді және олардың мөлшері пайыздық қатынаста есептелді [148, 223 б.].

Шөптегі құрамындағы ауыр металлдарды анықтау

Ауыр металлдардың мөлшері атомды-абсорбциялық спектрометрияның фармакопеялық әдісімен анықталды (ҚР МФ, I том, 2.2.23-бөлім, I және II әдістер; ЕАЭО Ф 2.1.4.21.) [148, 564 б.].

Шөптегі радионуклидтерді анықтау

Радионуклидтердің құрамын анықтау ҚР МФ I томындағы талаптарға сәйкес жүргізілді. Рұқсат етілген шектік мөлшер шикізаттың жеке бабы бойынша белгіленді [148, 564 б.].

Дәрілік шөптің меншіктік салмағын анықтау әдістемесі

Құрғақ ұсақталған өсімдік шикізатының меншіктік салмағы оның массасының көлеміне қатынасы арқылы анықталды. Бұл мақсатта дәл өлшенген 5 г ұсақталған шикізат 100 мл көлемдік пикнометрге салынып, тазартылған судың 2/3 бөлігімен толтырылды. Пикнометрді қайнап тұрған су моншасында 1,5–2 сағат бойы ұстап, шикізат құрамындағы ауаны толық шығару үшін кезең-кезеңімен араластырылды. Эксперимент аяқталған соң пикнометр 20°C температураға дейін салқындатылып, белгісіне дейін тазартылған сумен толтырылды және шикізатпен бірге өлшенді. Бұған дейін пикнометр мен судың жеке массалары алдын ала анықталды [149, 32 б.].

Меншікті салмақ (dy) келесі формула (4) бойынша есептелді (өлшем бірлігі — г/см<sup>3</sup>):

$$dy = \frac{Pd}{P+G+F}, \quad (4)$$

мұндағы;

$P$  – абсолютті құрғақ шикізаттың салмағы, г

$G$  – пикнометрдің сумен бірге салмағы, г;

$F$  – пикнометрдің сумен және шикізатпен толтырғандағы салмағы, г;

$d$  – судың тығыздығы, г/см<sup>3</sup> ( $d = 0.9982$  г/см<sup>3</sup>).

Дәрілік шөптің себілу салмағын анықтау әдістемесі

Ұсақталған өсімдік шикізатының себілу салмағы — табиғи ылғалдылығы бар шикізаттың толық көлеміне, оның бөлшектеріндегі тесіктер мен олардың арасындағы бос кеңістікті қоса алғандағы жалпы масса көрсеткіші болып табылады. Анықтау үшін белгілі бір мөлшердегі ұсақталған шикізат өлшегіш цилиндрге салынып, жеңіл сілкілеу арқылы тегістеледі. Осыдан кейін шикізаттың алатын көлемі белгіленеді. Шикізаттың массасы өлшеніп, себілу салмағы келесі формула (5) бойынша есептеледі (өлшем бірлігі — г/см<sup>3</sup>) [150, 32 б.]:

$$d_n = \frac{P_n}{V_n}, \quad (5)$$

мұндағы;

$P_n$  – белгілі бір ылғалдылықтағы ұсақталған шикізаттың массасы, г;

$V_n$  – шикізаттан тұратын көлем, см<sup>3</sup>.

Дәрілік шөптің көлемдік салмағын анықтау әдістемесі

Ұсақталмаған өсімдік шикізатының көлемдік салмағы — шикізаттың табиғи күйдегі жалпы көлеміне, оның капиллярлары мен ауамен толтырылған бос кеңістіктерін қоса алғандағы масса қатынасын сипаттайды. Анықтау үшін 10 г (дәл өлшенген) ұсақталмаған шикізат 100 мл өлшеуіш цилиндрге салынып, үстіне 50 мл су қосылады. Қоспа тез араластырылады және түзілген жалпы көлем белгіленеді. Бұған дейін өлшеуіш цилиндр мен судың бастапқы көлемі жеке өлшеніп алынады. Содан кейін, шикізат қосылғаннан кейінгі көлем өлшеніп, олардың айырмашылығы арқылы нақты көлем анықталады.

Көлемдік салмақ ( $d_o$ ) келесі формула (6) бойынша есептеледі (өлшем бірлігі — г/см<sup>3</sup>) [150, 32 б.]:

$$d_o = \frac{P_o}{V_o}, \quad (6)$$

мұндағы,

$P_o$  – белгілі бір ылғалдылықтағы ұсақталған шикізаттың салмағы, г;

$V_o$  – шикізат алатын көлемі, см<sup>3</sup>.

Дәрілік шөптің экстрагентті сіңірілу коэффициентін анықтау әдістемесі

Экстрагенттің сіңірілу коэффициенті еріткіш мөлшеріне байланысты анықталады. Бұл көрсеткіш шикізаттағы жасушааралық қуыстардың,

вакуольдердің және ауалы кеңістіктің экстракция үдерісі кезінде толық бөлінбеуімен ерекшеленеді. Экстрагентті жұту (сіңіру) коэффициенті экстракцияға дейінгі және кейінгі көлем айырмашылығына негізделіп есептеледі. Ол экстрагенттің бастапқы көлемі мен экстракциядан кейінгі алынған экстракт пен шрот көлемдерінің айырмасының, алынған экстракт көлеміне қатынасымен анықталады. Экстрагенттің сіңірілу коэффициенті келесі формула (7) бойынша есептеледі (өлшем бірлігі — мл/г) [150, 32 б.]:

$$X = \frac{V - V_1}{P}, \quad (7)$$

мұндағы;

V- шикізатпен толтырғандағы экстрагент көлемі, см<sup>3</sup>;

V<sub>1</sub> - шикізатты сіңірген соң алынған экстрагент көлемі, мл;

P - құрғақ шикізат салмағы;

*Өсімдік шикізаттарынан экстрактивті заттарды анықтау әдістемесі:*

Өсімдік шикізаттарындағы экстрактивті заттардың мөлшері судың және этил спиртінің әртүрлі концентрацияларындағы ерітінділерді пайдалану арқылы анықталды. Бұл әдіс экстрактивті заттардың әртүрлі полярлы еріткіштерде еру қабілетіне негізделеді. Дәл өлшенген 1 г ұсақталған шикізат (0,01 г дәлдікпен) сыйымдылығы 200–250 мл конусты колбаға салынып, үстінен 50 мл су немесе белгілі концентрациядағы этил спирті қосылды. Колба тығыз жабылып, оның жалпы массасы өлшенді. Қоспа 1 сағат бойы бөлме температурасында ұсталған соң, колба кері тоңазытқышқа қосылып, су моншасында 2 сағат бойы қайнатылды. Экстракция аяқталғаннан кейін қоспа бөлме температурасына дейін салқындатылып, қайтадан өлшенді. Буланған экстрагент көлемі бастапқы массаға дейін толықтырылып, қоспа жақсылап араластырылды. Алынған ерітінді құрғақ сүзгі қағаз арқылы сүзілді. Фильтраттың 25 мл көлемі пипетка арқылы алынып, диаметрі 7–9 см фарфорлы табақшаға құйылды. Табақша алдын ала 100–105°С температурада тұрақты массаға дейін кептіріліп дайындалған. Экстракт сулы моншада буланып, құрғақ қалдық алынған соң, табақша қайтадан 100–105°С температурада тұрақты массаға дейін кептірілді. Кейін ол кальций хлориді бар эксикаторда 30 минут бойы салқындатылып, өлшенді [150, 33 б.].

Экстрактивті заттардың мөлшерін абсолютті құрғақ шикізат массасына сәйкес төмендегідей теңдеумен есептейді:

$$X = \frac{m \cdot 200 \cdot 100}{m_1 \cdot (100 - W)}, \quad (8)$$

мұндағы,

m – құрғақ қалдық массасы, г;

m<sub>1</sub> – шикізат бастапқы массасы, г;

W – кептіру кезіндегі шығым массасы, %.

*Өсімдік шикізатындағы экстрактивті заттар шығымын анықтау әдісі* ҚР Мемлекеттік Фармакопеясы, I томындағы дәрілік өсімдік шикізатын зерттеу әдістемесіне сәйкес анықталды.

*Өсімдік шикізатын кептіру кезіндегі масса шығынын анықтау әдісі*

Шикізатты кептіру кезіндегі масса жоғалтуды анықтау ҚР МФ, 1 т., 2.2.32 және ЕАЭО Ф 2.1.2.31. фармакопеялық әдісіне сәйкес (d әдісі) жүргізіледі.

*Жалпы күлді анықтау әдісі*

Шикізаттағы жалпы күл мөлшері ҚР МФ, 1 т., 2.4.16 және ЕАЭО Ф 2.1.4.16 мақаласына сәйкес жүзеге асты.

*Хлорсутек қышқылындағы ерімейтін шикізат күлін анықтау әдісі*

Хлорсутек қышқылындағы ерімеген күл-сульфатты немесе 100 г шикізаттың құрамындағы хлорсутек қышқылда еріткендегі қалдығын есептейді. Оларды анықтау ҚР МФ, 1 т., 2.8.1 және ЕАЭО Ф 2.1.8.1. фармакопеялық әдістемесіне сай жүргізілді.

*Шөптің микробиологиялық тазалығын анықтау әдісі*

Микробиологиялық тазалық Қазақстан Республикасының МФ, 1-том, 5.1.4, 2.6.12 және 2.6.13, сондай-ақ ЕАЭО Ф 2.3.1.4 талаптарына сай анықталады.

Нормативтер:

- аэробты микроорганизмдердің жалпы саны —  $10^5$  КТБ/г аспауы тиіс;
- жалпы саңырауқұлақтар саны —  $10^2$  КТБ/г аспауы тиіс;
- *Escherichia coli* болмауы қажет.

Зерттеу барысында еріткіш ретінде әртүрлі концентрациядағы тазартылған су мен этанол қолданылды. Экстрактивті заттардың мөлшері абсолютті құрғақ шөпке қатысты пайызбен есептелді.

Зерттеудің хроматографиялық әдістері.

*Газды хроматография.*

Зерттеу ҚР Мемлекеттік фармакопеясының I томы, 2.2.28-бабына сәйкес жүргізілді. Талдау Agilent 7890A газды хроматографында, Agilent 5975C (MSD) массалық селективті детекторының көмегімен орындалды. Хроматографиялық бөлу HP-5MS капиллярлық бағанасында (ұзындығы 30 м, ішкі диаметрі 0,25 мм, пленка қалыңдығы 0,25 мкм) жүзеге асырылды. Температуралық бағдарлама: пештің изотермасы 33-70°C аралығында 2 минут сақталды; одан кейін температура 20-270°C дейін 70°C/мин жылдамдықпен көтеріліп, 270°C-та 30 минут ұсталды. Тасымалдаушы газ ретінде гелий қолданылды, оның ағын жылдамдығы 2мл/мин. Буландырғыштың температурасы - 250°C, детектордың температурасы - 230°C. Масс-спектрлер 70 эВ иондану энергиясында, 280°C бөлу температурасында және 10-650 m/z масса диапазонында тіркелді.

Компоненттерді сәйкестендіру алынған масс-спектрлерді AMDIS 32 бағдарламасы арқылы ГХ/МС деректер жүйесінің NIST 2017 (нұсқа 2.3) спектрлік кітапханасындағы мәліметтермен салыстыру арқылы жүргізілді. Эфир майындағы компоненттердің мөлшері ChemStation бағдарламалық камтамасыздандыруы көмегімен есептелді.

*Жоғары тиімді сұйық хроматография.*

Қою экстрактысындағы фенолдық қосылыстарды анықтау үшін ультракүлгін детектормен (УК) және нақты уақыттағы тандемдік масс-спектрометриямен (ESI-MS/MS) біріктірілген жоғары тиімді сұйық хроматография әдісі қолданылды.

Зерттеуде төмендегі реактивтер пайдаланды: ЖТСХ талдауына арналған ацетонитрил (ACN) ( $\geq 99,9\%$ , Sigma-Aldrich, Франция), құмырсқа қышқылы (99–100%, AnalaR NORMAPUR®, VWR Chemicals, Франция), сондай-ақ Milli-Q су тазарту жүйесімен дайындалған тазартылған су (Millipore, Франция) пайдаланылды. 20 фенолды қосылыстардың стандарттар тізімі (Sigma-Aldrich, АҚШ): эпикатехин, катехин, рутин, лютеолин-7-О-глюкозид, кверцетин-3-глюкозид, дигидрокверцетин, мирицетин, кверцетин, нарингенин, апигенин, лютеолин, кемпферол, гал қышқылы, кофе қышқылы, хлороген қышқылы, ферул қышқылы, р-кумар қышқылы, розмарин қышқылы, о-кумар қышқылы.

Талдау Agilent 1260 Infinity 34 HPLC System (Agilent Technologies, АҚШ) құрылғысында жүргізілді. Жүйе G1311C 1260 Pump VL төрт арналы сорғымен, G1329B 1260 ALS автосамплермен, G1316A 1260 TCC термостатталған колонкамен және G1314C 1260 VWD VL айнымалы толқын ұзындығындағы детектормен жабдықталған. Сонымен қатар, жүйе G6130A Quadrupole LC-MS/MS масс-спектрометрмен біріктірілген. Деректерді өңдеу және нәтижелерді тіркеу үшін Windows NT операциялық жүйесінде жұмыс істейтін ChemStation бағдарламалық жасақтамасы пайдаланды.

Хроматографиялық бөлудегі кері фазалық сорбент «Zorbax Eclipse Plus C18» (150 мм × 4,6 мм, 3,5 мкм, Agilent Technologies, АҚШ) бағанында іске асты. Бөлу үшін жылжымалы А фазасының градиенті (суда дайындалған 2,5% құмырсқа қышқылы ерітіндісі) және жылжымалы В фазасы (ацетонитрилдегі 2,5% құмырсқа қышқылы ерітіндісі) пайдаланылды. Градиент профилі төмендегідей орнатылды: 0,00 мин 3% элюент В; 7,00 мин 20% Элюент В; 7,10 мин 30% Элюент В; 27,00 мин 40% Элюент В; 35,00 мин 50% Элюент В; 35,10 мин 20% Элюент В және 40.00 мин 3% Элюент В. Ағынның жалпы жылдамдығы 0,4 мл / мин, баған температурасы 30 °С. Қою сығындылар мен стандарттар ацетонитрил: су = 1:1 (айн/мин) еріткіш қоспасында еріген. Инъекция көлемі сығындылар мен стандарттардың ерітінділеріне 20 мкл тиіс болды. Бағаннан шығатын ағын MS интерфейсіне жеткенше ультракүлгін детектор арқылы өттіп отырды. Ультрафиолетті анықтау толқын ұзындығы 280 нм және 360 нм сай. Электр бүріккіш иондану масс-спектрометриясын (ESI-MS) анықтау теріс режимде төмендегі оңтайландырылған параметрлермен жүргізілді: капилляр температурасы 350°C; құрғатушы газ (азот, N<sub>2</sub>) – 8 л/мин; бүріккіш қысымы 45 дюймі квадрат метріне тең болды. Деректер жинау бірнеше реакцияларды бақылау әдісімен (*Multiple Reaction Monitoring, MRM*) жүзеге асырылды. Бұл әдіс белгілі бір ұстау уақытында нақты массалық ауысуларды тіркеуге мүмкіндік береді. Әрбір фенолдық қосылыстың сәйкестігі олардың ұстау уақыты мен массалық спектрлерін шынайы стандарттармен салыстыру арқылы анықталды. Қосымша растау *Agilent G6130A LC-MS/MS* спектрометрінің электр бүріккіш иондану көзі арқылы жүргізілді [150, б.35].

Сығындылардағы фенолдық қосылыстардың құрамы келесі формула (9) бойынша сыртқы стандарт әдісімен есептелді:

$$X(\%) = \frac{S_1 \times m_0 \times 10 \times P \times 100}{S_0 \times m_1 \times 10 \times 100}, \quad (9)$$

Мұндағы,

$S_1$ -сыналатын ерітіндінің хроматограммасындағы қосылыстың шың ауданының мәні;

$S_0$ -стандартты үлгінің хроматограммасындағы қосылыстың шың ауданының мәні;

$m_0$ -қосылыстың стандартты үлгісінің ілмегі, граммен;

$m_1$ -сығындының ілмегі, граммен;

$P$  - қосылыстың стандартты үлгісіндегі қосылыстың үлесі, % - бен;

10, 10 - сұйылту.

Хроматографиялық жүйенің жарамдылығын анықтау тесті МФ XI, 1-ші том әдістеме нұсқаулығына сай қарастырылды, 2.2.29, б. 110

*Қою экстрактылардың және оның негізіндегі стоматологиялық пленканың микробқа қарсы белсенділігін анықтау.*

Микробқа қарсы белсенділік ұсынылған әдіске сәйкес іске асырылды [151-153].

Үлгілердің микробқа қарсы белсенділігі дискілі-диффузиялық әдіспен зерттелді. Зерттеу *Staphylococcus aureus*, *Streptococcus pyogenes*, *Bacillus subtilis* сияқты грам-оң бактериялар, *Escherichia coli*, *Pseudomonas aeruginosa* сияқты грам-теріс бактериялар және *Candida albicans* ашытқы саңырауқұлақ штамдарына қатысты жүргізілді. Салыстыру үшін бактерияларға қарсы бензилпенициллин және эвкалипт майы, ал *Candida albicans* ашытқы саңырауқұлағына қарсы нистатин қолданылды. Зерттеу әдісі ЖФМ 1.2.4.0010.15 «Антибиотиктердің микробқа қарсы белсенділігін агар диффузиялық әдіспен анықтау» нұсқаулығына сәйкес жүргізілді.

Зерттеуді жүргізу үшін бактериялардың өміршең жасушаларының стандартты мөлшері бар суспензия дайындалды, ол Петри табақшаларындағы қоректік ортаның бетіне біркелкі себілді. Препарат салынған дискілер егіс бетіне табақшаның ортасынан 2,5 см қашықтықта, шеңбер бойымен (әр табақшада 4 диск) орналастырылды. Себінділер 36 °С температурада 24 сағат бойы инкубацияланды. Инкубациядан кейін дискілердің айналасында біркелкі бактериялық көгал фонында микроорганизмдердің өсуін толық немесе ішінара тежейтін аймақтар қалыптасты. Нәтижелер өсу тежелу аймақтарының диаметрін өлшеу арқылы бағаланды. Әрбір сынама үш параллель тәжірибеде зерттелді. Микробқа қарсы белсенділікті салыстырмалы сипаттау үшін антибиотиктердің ерітінділері қолданылды: бензилпенициллин натрий тұзы, цефтриаксон натрий тұзы және нистатин. Бақылау ретінде эквивалентті көлемдегі 70% этил спирті мен диметилсульфоксид пайдаланылды. Өсімдік тектес салыстыру препараты ретінде эвкалипт майы (*Oleum Eucalypti*) қолданылды.

*Xanthium strumarium* L. шөбінің жер үсті бөліктерінен алынған 70% экстрактының антиоксидантты әсерін анықтау үшін «Жаңа фармакологиялық заттардың клиникаға дейінгі зерттеулері бойынша нұсқаулықтың» ұсынымдарына сай жүргіземіз. (Дәрілік заттардың клиникаға дейінгі зерттеулерін жүргізу бойынша нұсқаулық. 1 бөлім. – М.: Гриф и К, 2012. – 944 б.).

Тәжірбиелік жұмыс РФ Денсаулық сақтау министрлігінің Башқұрт мемлекеттік медицина университетінің Федералдық мемлекеттік бюджеттік жоғары оқу орнының клиникалық фармакология курсымен фармакология кафедрасында жүргізілді.

*Xanthium strumarium* L. қою экстрактыларының жедел уыттылығын зерттеу.

*Xanthium strumarium* L. шөбінің қою экстрактыларының жедел уыттылық деңгейін бағалау жаңа фармакологиялық заттарды зерттеу ережелеріне және тиісті әдістемелік нұсқауларға сәйкес орындалды [Нұсқаулық бойынша тәжірбиелік (клиникалық) зерттеу жаңа фармакологиялық заттар, Мәскеу, 2000]. Қабынуға қарсы белсенділікті анықтау тәжірибелері Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрлігінің қарамағындағы Башқұрт мемлекеттік медицина университетінің фармакология кафедрасының базасында жүргізілді. Зерттеу жұмыстары «Жаңа фармакологиялық заттарды клиникаға дейінгі зерттеулер бойынша нұсқаулықтың» ғылыми-әдістемелік ұсынымдарына сәйкес орындалды (Мәскеу, Гриф и К, 2012. – 944 б.).

Зерттеу нәтижелері Statistica 10.0 (StatSoftInc, АҚШ) статистикалық пакетінің көмегімен және Excel өңделді. Нақты деректердің таралу қалыптылығы Шапиро-Вилк сынағы арқылы тексерілді. Алынған мәліметтердің таралу түрі қалыптыдан ерекшеленетіні анықталды, сондықтан әрі қарай жұмыста параметрлік емес әдістер қолданылды.

### 3 XANTHIUM STRUMARIUM L. ШИКІЗАТЫН ФАРМАКОГНОСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ ОНЫ СТАНДАРТТАУ

#### 3.1 *Xanthium strumarium* L. шикізатының сапа көрсеткіштерін морфологиялық-анатомиялық және гистохимиялық зерттеу

*Xanthium strumarium* L. шикізаттың макроскопиялы сипаттамасы: сабағы түзу, цилиндр пішінді, қатқыл, тармақты, сирек, сұр-жасыл немесе қызғылт, қысқа өрескел түкті, қоңырқай дақтармен, кимасы ақ. Сабақтың морфологиялық құрылымы 3 (А; Б) суретте көрсетілген [154].



А



Б

Сурет 3 - (*Xanthium strumarium* L.) өзегі морфологиялық құрылымы.

Жапырақтары жүрекше тәрізді, үш-бес жікті, шеттері біркелкі емес дөрекі тісті, жасыл түсті, жапырақшалары бұлыңғыр және түкті. Жапырақтың жоғарғы бетінің құрылымы 4 (В; Г) суретінде көрсетілген.



В




Г

Сурет 4 - (*Xanthium strumarium* L.) жапырағының жоғарғы бетінің  
морфологиялық құрылымы

Жапырақтары жүрекше тәрізді, үш-бес буыншалы, шеттері біркелкі емес дөрекі тісті, ақшыл жасыл түсті, жапырақшалары шығыңқы және түктері анық байқалады. Жапырақтың төменгі бетінің құрылымы 5 (Д;Е) суретте көрсетілген.



Д



Е

Сурет 5 - (*Xanthium strumarium* L.) жапырағының төменгі бетінің морфологиялық құрылымы

Жапырақтары түзу, қатқыл, қарапайым, жалаңаш цилиндр пішінді, ақшыл жасыл түсті, бүгісінде ақ түсті немесе сарғыш-қоңыр түсті, сұр-жасыл немесе қызғылт, қысқа өрескел түкті. Сағақтың төменгі бетінің құрылысы (*Xanthium strumarium* L.) 6 (Ж;И) суретінде көрсетілген.



Ж



И

Сурет 6 - (*Xanthium strumarium* L.) сағағының морфологиялық құрылымы

Тамыры кей жерінде тік, цилиндр пішінді, қатқыл, іші ақшыл, сырты қабықпен жамылған. Ол қоңырқай түсті немесе сарғайған түстес, көптеген ұсақ көп қырлы, үнемі ұсақ тамырланған.

(*Xanthium strumarium* L.) (тамырдың) жер асты морфологиялық көрсеткіш құрылымы 7 (К;Л) суретте көрсетілген.



К




Л

Сурет 7 - (*Xanthium strumarium* L.) тамырдың морфологиялық құрылымы

Кәдімгі сары сояу гүлдері ұсақ түтікшелі, жасылдау, майда себетті (бір өсімдікте аталық және аналық), жапырақ қолтықшаларында бумалы орналасқан. Аналық себетте сұр-жасыл ұрықтан, тіке тікенекшелермен жамылған, жоғарғы жағы екі үлкен ілмекшелі иілген тікенекті.

Жемісі – эллипті жұмыр тұқымдар.

(*Xanthium strumarium* L.) жемісі және гүлдік құрылымның морфологиялық құрамы 8 (М;Н;П) суретте көрсетілген.




Сурет 8 - (*Xanthium strumarium* L.) жемісінің және гүлдік құрылымның морфологиялық құрамы

Осындай бейнелеумен, алғаш рет (*Xanthium strumarium* L.) кәдімгі сарысоюу жемістің жер үсті және жер астындағы мүшелері морфологиялық зерттелді.

*Xanthium strumarium* L. шикізаттың микроскопиялық сараптамасы

Кәдімгі сарысоюу өзектің жер үсті және жер астындағы мүшелерін микроскопиялық зерттеуі және шикізаттың диагностикалы белгілерінің идентификациясы [155].


Анатомиялық құрылысы. Өзектің көлденен қимасында – дөңгелек-қырлы, бума тәрізді (сурет 9). Сыртынан өзек бір қабатты эпидермиспен жамылған, оның жасушалары көп бұрышты аздап қалыңдау және тік қабырғалы. Эпидермис астында 2-3-қабатты хлоренхима бар, бұрышты колленхималар бөлшектер астында үздік-үздік орналасқан. Қалқандар мен өткелді аймақта бір қабатты эндодерма жатыр. Бумалар коллатералды, жабық түрде; пішіні – екі түрлі: 1) ірі, жұмыртқа тәріздес; 2) ұсақтау дөңгелектелген бумалы немесе сопақ пішінді. Өзек ортасында борпылдақ жасушалар жұқа қабырғалы жүрекшелі паренхимамен толған. Өзек паренхимасында ұсақ көп емес кальций оксалат шоғырлары кездеседі.



1 – эпидермис, 2 – колленхима, 3 – хлоренхима, 4 – эндодерма, 5 – флоэма, 6 – ксилема, 7 – өзек паренхимасы

Сурет 9 - *Xanthium strumarium* L. сабағының көлденең қиындысы  
Фрагмент. Үлкейту. 4x16


Жапырақша көлденең кесіндісінде дөңгелек-қырлы, өсінді келер бумасы жақсы айқындалған (сурет 10). Жапырақша сыртқы жағынан 1-қабатты эпидермиспен жамылған, оның жасушалары дөңгелек-тік қабырғалы. Эпидермис астында 2-3-қабатты хлоренхима орналасқан. Бүйір бөліктері пластиналы колленхимамен нығайтылған. Орталық бөлігі паренхимамен толтырылған, оның ішінде өткізгіш шоқтардың аймақтары орналасады. Өткізгіш шоқтар коллатеральды, жабық типті, жұмыртқа тәрізді пішінді және барлық жағынан склеренхимамен қоршалған.



1 – эпидермис, 2 – колленхима, 3 – мезофил, 4 – хлоренхима, 5 – флоэма, 6 – ксилема, 7 – склеренхима

Сурет 10 - *Xanthium strumarium* L. жапырақтың көлденең қиындысы Үлкейту. 4x16


Тамыр көлденең қиындысында – дөңгелек, шоқты түрі (сурет 11). Тамыр сырты перидермамен жамылған, оның жасушалары дөңгелектелген-тік бұрышты. Тәжді бөлігі тар, паренхималық жасушалардан тұрады. Ішкі бөлігі ұсақ және ірі түтікшелері бар ксилема тізбектерінен және флоэма учаскелерінен құралған полиархты өткізгіш шоқ болып табылады.



1 – перидерма, 2 – қабық паренхима, 3 – ксилема, 4 – флоэма

Сурет 11- *Xanthium strumarium* L. тамырдың көлденең қиындысы Үлкейту. 4x16


Кәдімгі сарысоя жапырағы жазық, көлденен қиындысында дорзивентральды құрылымы бар (сурет 12). Жапырақ жоғарға және төменгі жағынан бір қабатты эпидермиспен жамылған. Жапырақ бетінде көптеген эфирлі-майлы бездер, бөлетін 8-10 жасушалардан тұрады, екі қатарда орналасқан; бездерді жоғарыдан қарағанда сопақша көлденен бөлінген құрылымнан тұратыны көрінеді. Жақыннан қарағанда жапырақта және жасушаларында кальций оксалатының ұсақ шоғырлары көрінеді. Мезофилл губка тәрізді және бағана тәрізді тінмен дифференцияланған. Өткізгіш шоқтары дөңгелектелген, коллатеральды, жабық түрлі, губка тәрізді және бағана тәрізді тіндер шекарасында, мезофилл қалыңдығына енген.



1 – жоғарғы эпидермис, 2 – төменгі эпидермис, 3 – эфирмайлы без, 4 - бағаналы мезофилл, 5 – борпылдақ мезофилл, 6 – өткізгіш шоқ

Сурет 12 - *Xanthium strumarium* L. (А) жапырақтың көлденен қиындысы және ортаңғы тамыр арқылы фрагменті (Б). Үлкейту. 16x10


Жапырақтың беткейлік препаратында жоғарғы жағынан да төменгі жасушалары да сопақша немесе дөңгелектенген бүртіккі қабырғалы пішінде (сурет 13), бір біріне тығыз жанасқан. Сыртқы жағынан эпидермис трихомалар айналасында қатпар түзетін кутикула қабатымен қапталған. Беткей бойына үстіңгі және астыңғы жағында да көптеген устьицалар шашыраңқы орналасқан; устьицалар аномоцитті типті, пішіні эллипс тәрізді. Астыңғы бетінде жекелеген қарапайым 1–2 жасушалы трихомалар, ал үстіңгі бетінде дөңгелек эфирмайлы бездер байқалады.



1 –эпидермистің негізгі жасушалары, 2 – трихомалар, 3 – лептесіктер (устьица), 4 – эфирмайлы бездер

Сурет 13 – Препарат жапырақ *Xanthium strumarium* L. эпидермисі, жоғарғы (А) және төменгі (Б). Үлкейту. 16x10

Кәдімгі сарысояу жеміс тұқымшаларының қабығы, ине тәріздес өсінді. Көлденен кесіндісінде жемістің инелері сопақша пішінді сипатталады (сурет 14). Периметрінде бір қабатты эпидермис орналасқан, оның астында қатты склеренхималанған паренхима қатпарланған. Паренхима ішінде дөңгелек қуыстар байқалады.



1 – эпидермис, 2 – паренхима, 3 – қуыстар (вместилища), 4 – тұқым фрагменті, 5 – трихомалар, 6 – ұяшықтар (друзы)

Сурет 14 - *Xanthium strumarium* L. жеміс инелерінің көлденен қиындысы  
Үлкейту. 4x16


Жеміс қабығының негізгі бөлігі 15 суретте көрсетілген. Тармақтары қарапайым, әртүрлі құрылымды: екі жасушалы жұқа қабатты тармақтар көпіршік тәріздес жасуша негізінде және ұшталып аяқталған; жұқа қабатты шегірке тәріздес тармақтары, кейде жеке түскен жасушалары, иілген, кейде тік; көп жасушалы қалың қабырғалы тамырлары жуан-бұдырлы беткейлі және ұшталып аяқталған жасуша; көп жасушалы қалың қабырғалы конус тәріздес тамырлар жуан-бұдырлы беткейінде соңғы жасуша түседі және ұзын мұрынша пайда болады. Көп жасуша негізінде көп жасушалы тамырлар да кездеседі.



1– трихомалар, 2 – бездер, 3 – эпидермис, 4 – экзокарп, 5 – қуыстар (вместилища), 6 – мезокарп, 7 – эндокарп

Сурет 15 – *Xanthium strumarium* L. жеміс қабығының көлденен қиындысы  
Үлкейту. 10x16

Жемістің ішкі жағы (сурет 16) тығыз эндоспермнің жасушасымен толған, олар ақшыл түске боялған сопақша немесе дөңелекше жасушалар.



1 – эпидермис, 2 – өткізгіш шок, 3 – эндосперм

Сурет 16 - *Xanthium strumarium* L. жемістің көлденен қиындысы Үлкейту. 4x16

Осылайша, кәдімгі сарысою ( *Xanthium strumarium* L.) жерүсті және жерасты мүшелерінің анатомиялық құрылысының ерекшеліктері зерттелді.

Алынған деректерді талдау келесі микроскопиялық диагностикалық белгілерді анықтауға мүмкіндік береді: жапырақ, жеміс, сағақ, тамыр және тұқым эпидермисі жасушаларының пішіні мен құрылысы, эфирмайлы бездер мен түкшелердің орналасуы, жапырақтың құрылысы, сағақтар мен тамырлардың көлденең кесіндідегі құрылысы, сондай-ақ өткізгіш шоқтардың пішіні.

*Xanthium strumarium* L. шикізатының гистохимиялық сараптамасы

Гистохимиялық зерттеу, зерттейтін зат пен арнайы сәйкестенген реагент арасындағы реакция. Осы әрекет негізінде анықталған нәтиже боялған немесе флуоресцентті кешен. Түс қаныққаны бойынша препаратты локализациясы арқылы анықтауға болады, ал қарқындылығы бойынша - қызығушы заттың жасуша мен тіндерде қатысу санына байланысты [156].

*Шикізат.* Зерттеу объектісіне жер асты және жер үсті *X. Strumarium* мүшелері кіреді (сурет 17), Алматы облысының Панфилов ауданында, Басқұншы ауылы маңайында өсімдік тұқым шашқан уақытында жиналған, жинау мерзімі (тамыз-қыркүйек 2022ж.)



Сурет 17- Кәдімгі сарысоюдудың сыртқы көрінісі. Гүлдену фазасында

Гистохимиялық зерттеу Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Фармакопеи талаптарына сәйкес сабақтың көлденен қиындысына, өзектің көлденен қиындысына және жапырақтың көлденен қиындысына арнайы жүргізілді (Т. 1 «Дәрілік өсімдік шикізатын сынау әдістері», «Өсімдік шикізатын микроскопиялы және микрохимиялық зерттеу техникасы»). Гистохимиялық зерттеу сараптамасын жүргізуде, 5 кестеде көрсетілген реактивтер қолданылды.

Кесте 5 – Микрохимиялық зерттеуге арналған реактивтер


№	Реактив	Анықтау компоненті	Боялу
1	2 % метилен көгі ертіндісі	Эфир майы	Көк
2	1-% FeCl <sub>3</sub> спиртті ертіндісі	Флавоноидтар	Қара-көк-жасыл
3	Драгендорф реактиві	Алкалоидтар	Қызғылт-қоңыр
4	Концентрирленген H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ванилинмен	Сесквитерпенді лактондар	Сары
5	10% тимол ертіндісі	Полисахаридтертар	Қызғылт сары-қызыл, жасыл
6	Люголь ерітіндісі	Крахмал	Көк

Сарысояу тінінде бояудың өзгеріне қарай биологиялық заттын жеке бөліктерінің локализациясын анықтады. Анатомиялық зерттеу микроскоп «Биомед-4» көмегімен жүргізілді, окуляры ×10, ×20, линзасы ×4, ×10, ×20, ×40. Суреттер фотокамера SonySiberShot түсірілді. Суреттерді өңдеу Paint 10.1 програмасымен жасалды.

Зерттеу нәтижесінде өсімдік тіндерінің боялуы арқылы белгіленді, онда эфир майлары болуы, флавоноидтар, алкалоидтар, полисахаридтер мен сесквитерпенді лактондар анықталды. *X. Strumarium* жер үсті және жер астындағы мүшелерінің гистохимиялық сараптама нәтижесі 6 кестеде жазылған және 18-21 суреттерде көрсетілген.

Кесте 6 – *Xanthium strumarium* жер үсті және жер асты бөліктерінің гистохимиялық сараптама нәтижесі

	Реактив	Сабақ	Жапырақтары	Тамыры	Жемістері
1	2 % метилен көгі ертіндісі	+	+	-	-
2	1-% FeCl <sub>3</sub> спиртті ертіндісі	+	+	+	+
3	Драгендорф ерітіндісі	-	+	+	-
4	конц. H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> ванилин ерітіндісі	-	+	+	+
5	10% конц. H <sub>2</sub> SO <sub>4</sub> тимол ерітіндісі	+	+	+	-
6	Люголь ерітіндісі	-	-	-	-
Ескертпе: «-» теріс реакция; «+» оң реакция					



Сурет 18 - *Xanthium strumarium* L. жапырақтың көлденен қиындысының гистохимиялық реакция нәтижесі (үлк.  $\times 1$ ).

*Реактив:* А – конц.күкірт қышқылы ванелинмен, В – темір хлориді, В – тимол ертіндісі, Г – Драгендорф реактиві, Д – метилен көгі ертіндісі, Е – Люголь ертіндісі *X. strumarium* жер үсті және жер асты мүшелерінен алынған эфир майының идентификациясы:


Зерттеу нәтижесінде, эфир майлары зерттелген өсімдіктердің барлық бөлігінде бірдей жиналмайды. Ол, тек жапырақтың көлденен қиындысында әсіресе эпидермиспен мезофиллде анықталды. Сондай-ақ, өзектің көлденеу қимасында кездесті. Паренхиманың тәжді бөлігі мен ксилеманың сақиналы бөлігі боялды. Басқа бөліктерінде эфирі майы анықталған жоқ.

*Xanthium strumarium* жер үсті және жер асты бөліктері флавоноидтардың идентификациясы

